

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 13 ақпан жұма 2015 жыл № 6 (08)

Әскери әндер әуеледі



Сәрсенбі күні қаламыздың мәдениет сарайында үлкен концерт болды. Бұл ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арнаған арнайы іс-шарасының аясында өткен мәдени шара еді. Зал көрермендерге толық толды, оның ішінде кеуделері орден-медальдарға тола ардагерлердің көптігі де ерекше байқалады.

2 - бет

*Ерлік даңқы
ғасырларға ұласып...*



11 - бет




Орынды талаптар орындалуда

4 - бет



Тоқсанға толуымен ҚҰТТЫҚТАДЫ

5 - бет



Осы оқиғаға орай облыс әкімі кәсіпорындағы жағдайды былай-ша сипаттады:

— Бүгінгі таңда әлемдегі экономикалық және қаржылық жағдай осындай меморандум жасаудың қажеттілігін туғызып отыр. Соның ішінде біздің металлургия комбинатындағы жағдай



да аса күрделі. Металға, оның өнімдеріне бағаның төмендеуі, Ресей рублінің құнсыздануы қаржылық жағдайға қатты әсер етуде, — деді аймақ басшысы.

Ел үкіметінің жанды көмегі және қабылданған нақты шаралар нәтижесінде жұмыс орындарын сақтап, жалақыны уақытында төлеу қамтамасыз етілді. Қазір компания қаңтар айының жалақысын бөліп төлеуге мәжбүр болуда. Дегенмен оның қалғаны 17 ақпанға дейін толық көлемде өтелетін



Меморандум

Облыстық әкімдікте аймақ билігі, «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ басшылығы және кәсіподақ жетекшілері арасында үшжақты меморандумға қол қойылды.

«АрселорМиттал Теміртау» мен облыс әкімі үшжақты Меморандумға қол қойды

болады. Осы меморандумға қол қою үшін белгілі бір деңгейде бірлескен іс-қимыл жасалды.

Осыдан сәл бұрынырақ «АрселорМитталТеміртау» АҚ заңгерлік кеңестер қажеттігін айтып, меморандумға қол қоймаған болатын. Оны кәсіпорынның еңбек ресурстары және еңбек

дайын төмендетпеу талап етіліп отыр, жалақы да, ұжымдық шарт та қаралды, яғни компания өзіне ұжымдық шарт арқылы және ел заңдары арқылы жүктелген міндеттерді толық орындауға тиіс.

Сонымен қол қойылған меморандум негізінде «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу, әлеуметтік әріптестік жөніндегі бас, салалық және аймақтық келісімдер міндеттемелерін, келісімшартты орындау жөніндегі үш жақты комиссияның шешімдерін орындауға міндеттенеді. Ал облыстық әкімдік өз тарапынан осы қол қойылған меморандумның орындалуын үйлестіруге, өндірісте туындайтын проблемалық сауалдарды, мәселелерді шешуге бағытталған шаралар қабылдауға, инвестициялар тартып, инновацияларды енгізуге, жағымды ақуал қалыптастыруға міндеттенеді. Ай сайын үш жақты комиссия жағдайды қарап, ұсынылған шараларды саралайды.

Қазіргі күні Қарағанды облысында ең ірі деген кәсіпорындармен «Қазақмыс» корпорациясы, «Шұбаркөлкөмір» АҚ, «Новацинк» ЖШС, «Сантехпром» ЖШС, «Қарағанды металл конструкциясы заводы» және басқа да ондаған шағын, орта бизнес кәсіпорындарымен меморандумдарға қол қойылды.

Өз тілшімізден

Әскери әндер әуеледі



Мәдени шара

Сәрсенбі күні қаламыздың мәдениет сарайында үлкен концерт болды. Бұл ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арнаған арнайы іс-шарасының аясында өткен мәдени шара еді. Зал көрермендерге лық толды, оның ішінде кеуделері орден-медальдарға тола ардагерлердің көптігі де ерекше байқалады.



Сахнаға алдымен Қорғаныс министрлігінің қызметкері полковник М.Таласов шығып, теміртаулық соғыс және тыл еңбеккерлерін алда келе жатқан ұлы мерекелермен — Жеңістің 70 және Ауған жерінен кеңес әскерінің шығарылғанына 26 жыл толуымен құттықтады.

— Осы айтулы мерекелерге орай министрліктің оркестрі бастап құрамында әншілері мен бишілері бар өнер тобы арнайы акция өткізуде. Біз бұл мәдени шараны Алматыда бастадық, екінші бағытымыз Қарағанды аймағы. Ал мұнда Елбасымыз еңбегімен түлеп ұшқан Теміртау қаласынан бастап отырмыз, — дей келе, басшы залда отырған ардагерлерді құттықтап, мұнан кейін өнерпаздар қолдарына гүл шоқтарын, сыйлықтар ұстап, залға өтті. Олар көңілді музыка ырғағымен ардагерлерді құттықтады.

Бұдан кейін әскери әндер әуелеп, сол жылдардағы билер орындалды. Жұртшылық соғыс жылдары әр жүрекке шабыт, рух берген «Катюша», «Көк орамал», «Смуглянка» әндерін тыңдап және экраннан сол бір сұрапыл жылдардың эпизодтарын көріп, өткен тарихты тағы бір еске алды. Екі сағатқа созылған концерт ешкімді жалықтырған жоқ, көрермендер қайта-қайта ризалықпен қол соғып, әскери оркестрдің әншілері мен бишілеріне алғыстарын жаудырды. Өнерпаздарға әлсіз-әлсін гүл шоқтары табыс етілді.

Концерттің соңында сахнаға қала әкімі Нұркен Сұлтановтың атынан үлкен гүл дестесі қойылды. ҚР Қорғаныс министрлігі өнерпаздарының мұндай шаралары аймақта жалғасатын болады.

такль Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде мерекелеу жөнінде қабылдаған саяси шешімінің аясында қойылып отырғанын айтты. Мемлекеттік хатшы алдағы уақыттаосындай тағылымды мәдени іс-шаралар өткізу арқылы Абылай ханның Қазақ елінің тарихындағы саяси-қайраткерлік ролін халықтың жадына сіңіруге, сол арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуге,

мұндай қадамдар, түптеп келгенде, қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртуға және өзін-өзі тануына айрықша жол ашатынын атап өтті.

Қойылымда Абылай ханның ролін белгілі актер — Қуандық Қыстықбаев, сонымен бірге, бас кейіпкерлерді Жанқалдыбек Төленбаев, Жәнібек Мұсаев, Қасымхан Бұғыбай, Айман Карпсейітовалар сомдады.

Өз тілшімізден



Жаңа қойылым

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында болып, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай әзірленген «Абылай ханның арманы» атты тарихи драмасын тамашалады.

Тарихи драманы тамашалады

Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу аясында «Абылай ханның арманы» атты тарихи драмасы бірқатар өңдеуден өтіп, көрерменге қайта ұсынылды. Аталмыш қойылымды тамашалауға Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықовамен бірге елордадағы зиялы қауым өкілдері келді.

Авторы — белгілі жазушы, драматург Думан Рамазан, қоюшы режиссері — ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Бұл Д.Рамазан мен Б.Ұзақов шығармашылығындағы екінші тарихи туынды болмақ. Бұған дейін 2010 жылы драматург пен режиссер үндестігінде

«Кенесары — Күнімжан» атты тарихи драма дүниеге келіп, бүгінгі таңға дейін көрерменнің сүйікті қойылымына айналған.

Шығарма Абылай ханның жоңғар тұтқынына түскен кезінен басталады. Абылай ханның қазақ халқын өмір өткелегінен қалай аман-есен алып шыққаны баяндалады. Бұл шығармада ұлы ханның көшбасшылық қасиетімен бірге, адами болмыс-бітімі, қайраткерлігі, саясаткерлігі, ақыл-парасаттылығы, ержүрек батырлығы жан-жақты ашып көрсетіледі.


Қойылым соңында Г.Әбдіқалықова қорытынды сөз сөйлеп, тарихи тақырыптағы аталған спек-



Үкіметте

Отырыста осы жылға және орта мерзімді перспективаға арналған экономикалық саясаттың нақты шаралары айқындалды.

сы жоқ. Біз бір бөлшегі болып саналатын әлемдік нарықтық экономикада мұндай ауытқулар болып тұрады. Бұл уақытша жағдай, оның шешімі табылады. Ресейде сұраныстың азаюы -



Биыл 75-тей жоба іске қосылады

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті

Іс-шара барысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Б.Сағынтаев, Премьер-Министрдің орынбасары Б.Сапарбаев, инвестиция және даму министрі Ә.Исекешев, энергетика министрі В.Школьник, «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ басқарма төрағасы Ә.Шөкеев, Алматы қаласының әкімі А.Есімов, Атырау облысының әкімі Б.Ізмұханбетов, Павлодар облысының әкімі Қ.Бозымбаев, Алматы облысының әкімі А.Баталов өткен жылдың қорытындылары мен 2015 жылға арналған жоспарлар жөнінде баяндама жасады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қазіргі уақытта елге жаңа жағдайға бейімделу керек болатынын, ол үшін экономикалық және заңнамалық сипаттағы жедел шаралар қажет екенін атап айтты.

Осыған байланысты Қазақстан Президенті Үкіметтің, Ұлттық банктің және өкімдердің алдына бірқатар міндет қойды.

Нұрсұлтан Назарбаев инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын құратын «Нұрлы жол» бағдарламасы дағдарысқа қарсы тиімді құрал болып саналатынына назар аударды.

- Бағдарлама Астанадан «шұғыла қағидаты бойынша» тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған. Ұлттық қордан 2015-2017 жылдары 500 миллиард теңге бөлінеді, соның 180 миллиард теңгесі биыл пайдаланылады, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы бұл қаражат өңірлерде уақытылы игерілуі тиістігін айтты.

- Барлық жобаларды осы айдан бастап қаржыландыруды тапсырамын, өйткені бұл біздің компанияларымыздың өнімдеріне ішкі сұранысты қамтамасыз етеді, - деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі экономикалық ахуалды ескеріп, «Нұрлы жол» бағдарламасын дағдарысқа қарсы жаңа шаралармен толықтыру арқылы қолдау шараларының аясын кеңейткен жөн екендігін атап өтті.

- Бұлардың қатарында отандық машина жасау саласын және экспортшыларды қолдау, шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін инфрақұрылымдар жүргізу, АӨК-ні мемлекеттік қолдауды ұлғайту, ішкі нарықты қорғау шаралары және басқа да бағдарлар бар. Үкімет 250 миллиард теңге

көлемінде шұғыл шаралар қабылдау үшін резерв жасақтауы тиіс. Бағдарламаны бір айда толықтыруды және бекітуге ұсынуды тапсырамын, - деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті бюджет шығыстарын оңтайландыруды дағдарысқа қарсы шаралардың негізгі элементтерінің бірі ретінде атады.

- Басталған жобаларды аяғына дейін жеткізіп, жаңа бастамаларды, ұсыныстарды жағдай жақсарғанға дейін шегере тұрамыз. Бұл барлық мемлекеттік органдарға, өкімдіктерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты. Үкіметке 2015 жылға арналған республикалық бюджетті 700 миллиард теңгеге немесе шығыстардың жалпы көлемінің 10 пайызына дейін қысқартуды тапсырамын. Бұл ретте мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелері еш өзгеріссіз қалуы тиіс. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының және аудандардың өкімдері де қатаң бюджет саясатын жүргізуі керек, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы ұлттық басқарушы холдингтер де тиісті шаралар әзірлегеніне тоқталды.

- «Самұрық-Қазына» АҚ шығыстары 337 миллиард теңгеге немесе 7 пайызға дерлік, соның ішінде өкімшілік шығыстары 64 миллиард теңгеге, «Самұрық-Қазына» тобының күрделі шығыстары 240 миллиард теңгеге немесе 18 пайызға қысқарады. «Бейтерек» холдингі өкімшілік сипаттағы шығыстарын және күрделі (негізгі) салымдарын 3,8 миллиард теңгеге немесе 11,8 пайызға оңтайландыруы тиіс. «ҚазАгро» холдингіндегі қысқарту 196 миллион теңге немесе 12 пайыз болады деп күтіліп отыр. Осының бәрі қадағаланады, қатаң сұрауы болады. Жалпы, Үкіметтің баяндамасына сәйкес, министрліктердің, ведомстволардың, холдингтер мен жергілікті атқару органдарының үнемдеуінен 4 миллиард доллар құралады, - деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев әр өңірде жұмыспен қамтылуға ықпал ету бағдарламалары әзірленуі тиістігін айтты. Сондай-ақ тиімділігін дәлелдеген жұмыспен қамтудың 2020 жылға дейінгі жол картасын сақтаудың қажеттігі атап өтілді. Атап айтқанда, осы бағдарлама аясында 2011-2014 жылдар аралығында 260 мың

адам жұмысқа орналастырылды, 120 мың адам оқуға тартылды.

Мемлекет басшысы еңбек дауларын дер кезінде шешу ісінің маңыздылығына назар аударды. Осыған байланысты өкімдерге ірі кәсіпорындармен меморандум жасау және босаған жұмысшыларды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу тапсырылды.

Қазақстан Президенті білім беруді және денсаулық сақтауды жаңғырту жұмыстарын жалғастыру қажеттігіне тоқталды.

- Бұл - болашақ экономикалық өсімізге негіз қалауға мүмкіндік беретін адам капиталына салынатын ұзақмерзімді инвестиция. Білім беру саласында «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыруды, орта білім бойынша жан басына қаржыландыру тәртібіне көшуді және 12 жылдық білім беру моделіне біртіндеп өтуді жалғастыру қажет, - деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Үкіметтің Өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау жөніндегі іс-шаралардың 2015 жылға арналған жоспарын қабылдағанын атап өтті.

- Біз дағдарысты заманауи инфрақұрылым қалыптастыруға, миллиардтаған активтерді енгізуге пайдаланамыз. Мемлекет барлық қажетті қолдау тетіктерін ұсынып отыр. Қаражат бөлінді, жағдай жасалды. Бәрінің дереу жұмысқа кірісуі қажет. Үкіметтің әрбір мүшесінен, өкімдерден нақты нәтижелер талап етіледі, - деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру аясында отандық құрылыс материалдарын өндірушілерге жұмыс жүктеудің зор мүмкіндіктері бар екенін еске салды.

- Тиісті меморандумдар бекіте отырып, қазақстандық қамту жөніндегі форумдар өткізу тәжірибесін қайта жаңғырту керек. Барлық сауда желілерінде отандық тауарлар секциясы пайда болу үшін «Қазақстанда жасалған» акциясын бастаймыз. Облыс өкімдері мұны қадағалап отыруы керек. Барша азаматтарға осы күрделі жағдайда патриот болып, қазақстандық өнімді сатып алу жөнінде сөз арнаймыз, - деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті бүгінде Ресей рублінің әлсіреуі мен ресейлік тауарлар қысымының артуы жағдайында отандық өндірушілерге оның зияны тиіп жатқанына назар аударды.

- Мұның Еуразиялық экономикалық одақпен еш байланы

Қазақстан экспортын әртарап-андыру жұмысын күшейтуге ынталандырады. Сонымен қатар, арзандаған энергия ресурстары, құрамдас және қосалқы бөлшектер - өзге секторлар үшін игілік болып саналады. Өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін осы мүмкіндікті пайдалану керек, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы әлемдік экономикадағы жаңа жағдайларды ескере келгенде, негізгі бағыт ауыл шаруашылығы өнімдерін және азық-түлік өнеркәсібін дамыту болып саналатынын атап өтті.

Бұл ретте Үкіметке 2013-2014 жылдары қолға алынған және бүгінде жалпы қарызы 313 миллиард теңге болатын 292 кәсіпорынды қамтып отырған АӨК нысандарын қаржылық сауықтыру жұмысын жалғастыру тапсырылды. Зор мүдделіліктің бар екені ескеріліп, оның көлемі 500 миллиард теңгеге дейін жеткізілетін болады.

Нұрсұлтан Назарбаев бизнесті дамыту үшін теңдессіз жағдайлар жасалып отырғанын, соның ішінде жоспарлы тексерістердің толығымен тоқтатылғанын, әртүрлі рұқсаттамалардың азайтылғанын атап өтті.

- Кәсіпкерлік сектор биыл қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте мұнай бағасының құлдырауы мұнай өнімдері құнының төмендеуіне әкеліп соқтыруда, бұл экономиканың көптеген саласына және халықтың сатып алу қабілетіне оң ықпалын тигізетін болады. Көлік шығыстарының құны, АӨК өнімдерінің өзіндік құны, тұтынушылар үшін жанар-жағармайдың реттеліп отыратын түрлерінің бағасы төмендеуі тиіс, - деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы мұнайға төмен бағаның қалыптасуы мен экономикалық өсімнің баяулауы жағдайындағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету Ұлттық банктің басым міндеті екенін атады.

- Бұл - инфляция деңгейінің жоғарылауына, валюта бағамының күрт ауытқуына жол бермеу, сондай-ақ экономиканың нақты секторын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету. Ұлттық банкке теңге ликвидтілігінің қосымша көлемін ұсыну жөнінде шара қабылдауды және ел экономикасын долларсыздандыру жұмысын жандандыруды тапсырамын. Проблемалы несиелердің ауыртпалығынан құтылып, банктердің несиелік

жұмыс қабілетін қалпына келтіру керек және ипотекалық несиелер бойынша қарыздарды қайта құрылымдау мәселесін шешу қажет. Бұл тек осыған шынымен мұқтаждар үшін жасалады, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті Ұлттық қордан бөлінетін қаржы экономиканың пайдасына жұмсалуға тиіс екенін еске салды.

- Мен құрған комиссия қаражат жұмсалыуының ашық болуын қатаң қадағалап, жеке өзіме баяндап отырады. Әрбір теңгеге деген сұраныс қатаң болады. Барлық деңгейдегі өкімдерге ерекше жауапкершілік жүктеледі. «Нұр Отан» партиясы бұл жұмысқа белсене атсалысып, қатаң партиялық бақылау орнатуы қажет. Ешқандай ысырапшылыққа жол берілмеуге тиіс. Үкімет бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған шығындарды қысқарту мәселесін қарастырғаны жөн. Мерейтойларды және оған кететін бюджет қаражатын қысқарту керек, - деді Мемлекет басшысы.


Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялардың қызметкерлері қарапайымдылық пен үнемшілдіктің үлгісін көрсетуі қажеттігін атап өтті.

- Басқарудың барлық буындары, Президент Әкімшілігінен аудандық өкімдіктерге дейін, барлық министрліктер, ұлттық компаниялар шығындарды қысқарту мүмкіндігін қарастыруы қажет. Мемлекеттік қызметшілердің жұмысы мемлекеттің қаржысын таныстарының, достары мен туыстарының фирмаларына үлестіретін бизнеске айналмауға тиіс. Қазір ел азаматтары атқарушы биліктен нақты және тиімді жұмыс күтіп отыр. Үкіметтің әрбір мүшесінің, әрбір өкімнің міндеті - білек сыбанып жұмыс істеу. Сіздер үшін сын сағаты тұды. Қаржыны игеру, жұмыс орындарын ашу талап етіледі, олай болмаған жағдайда, орынды босатқан жөн, - деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы біздің еліміздің барлық қиындықтарды сәтті өңсеретініне сенімді екенін айтты.

- Сол кезде біз қазір кейінге қалдыруға тиісті жобаларымызға қайта оралатын боламыз. Сондықтан баршаны бюджетке өзгеріс енгізу жөніндегі мемлекеттік шешімнің мәнісін дұрыс түсінуге шақырамын. Бұл мәжбүрліктен туған, уақытша шара. Президент Әкімшілігі, Үкімет бірыңғай жоспар бойынша жұртты толғандырып жүрген мәселелер жөнінде ұдайы мәлімет беріп тұрғаны жөн, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті жиын соңында елімізде қазіргі қиындықтарды түбегейлі жеңіп шығуға мүмкіндік беретін барлық қажетті ресурстардың бар екенін атап өтті.



Қалалық әкімдікте

Үстіміздегі жылдың 20 қаңтарында қала әкімнің жұртшылық алдындағы есепті кездесуі өткені белгілі. Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша бұл жолы да жыл ішінде атқарылған істер жайында баяндалғаннан соң, тұрғындар көңілдеріндегі сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Сондай-ақ бірқатар сұрақтарын арнайы қойылған жәшікке жазып салу мүмкіндігіне де ие болған еді. Өткен сейсенбі күнгі қала әкімінің кезекті аппарат мәжілісінде сол есепті кездесу барысында ортаға салынған сұрақтардың қаншалықты орындалып, бақылауға алынғандығы жайында айтылды.

талқыланды. Ал жарықтандыру жағдайына келер болсақ, 2012 жылы бұл жұмыстар аталған аймақта жүргізілгендіктен, ол қарастырылмаған.

Қала мұсылмандарының көкейінде жүрген бір мәселе бар, ол зират басына апаратын жолдың қыс айларында қалың қармен жабылып қалатыны. «Өлім – жағанда тұр» дейді халқымыз, қысқы маусымда марқұмдарды жерлеуге қатысты осы жолдың қардан тазаланбайтыны көптеген қиындықтар тудырумен келеді. Осы мәселені комбинат ардагері, «Халықтар достығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ілияс Баймұрзаев көлденең тартқан болатын. Бұл ретте айтарымыз, мұсылмандар зираты орналасқан жер көрші Бұқар жырау ауданының иелігінде, қазір оны қала меншігіне алу мә-

кинотеатрының бүгінгі жағдайына қатысты сұрақтар. Біріншісі, ҚР заңына сәйкес, жер учаскелері аукцион арқылы сатылатыны жайында түсіндірілген, ал екіншісіне қатысты мәселенің мәнісі былай, «Мир» кинотеатры қарағандылық «Экран-плюс» ЖШС-на тиесілі, ол бүгінде саудаға шығарылған, сатылған соң жаңа қожайынымен келіссөздер жүргізілмек.

Әлеуметтік салаға жауапты әкім орынбасары Шолпан Мырзақасымова өзіне тиесілі төрт мәселенің оң шешімін табуына бар мүмкіндіктерді қарастырған. Атап айтар болсақ, мүмкіндігі шектеулі спортшыларға көмек көрсету үшін бірқатар спорттық-көпшілік шаралар ұйымдастырылмақ, осы мақсатқа қала бюджеті әлеуметтік тапсырыс аясында 1 млн. 500 мың теңге қаражат бөлген. Қала қазынасынан бұған тағы қосымша 500 мың бөлінеді. Ал бірінші топтағы мүгедектерге бұған дейін беріліп келген қаладағы қоғамдық көліктерде тегін жүру билеттерінің тоқтатылғанына алаңдаған А.Синицынаның сұрағы да жауапсыз қалмады. Әлеуметтік көмек көрсету ережесінің шеңберінде қалалық мәслихаттың (2014 жылғы 14 сәуірдегі №29/5) қабылдаған қала бюджетінде қаражат бөлу және тегін жолда жүру билеттерін беру қарастырылмаған.

С.Боранбаев деген қала тұрғыны қаланың алғашқы құрылысының басы-қасында болған А.Коркинді есте қалдыру мақсатында арнайы естелік белгі орнату жайындағы пікірі қолдау тауып, А.Коркинге бұрынғы КМС тресінің ғимаратына естелік тақта орнатылғаны хабарланған. Сонымен қатар 2014 жылы «Бизнес-клуб» бастамасымен Теміртаудың негізін салғандардың құрметіне Бейбітшілік пен Металлургтер даңғылының қиылысында монумент құрылысы қолға алынған. Алдағы уақытта ол жер абаттандырылып, жарықтандырылып, жақсы демалыс орнына айналары дау-сыз.

Міне, осылайша, барлық сұрақтарға толық жауаптар қайтарылып, қала тұрғындарын толғандырып жүрген бірқатар проблемалар қысқа мерзім ішінде оң шешімін тапқан. Осылайша, теміртаулықтар жеке бастың емес, көпшіліктің көкейіндегі ортақ мәселелерді көлденең тартып, олардың орындалуына қол жеткізді. Нәтижесінде, қаланың көркі ажарланып, жарықтанып қалды. Бұл халық пен билік арасындағы өзара тиімді байланыстың арқасында қол жеткен жетістік.

Р.ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Егер барлық сұрақтарды сала-сала бөлетін болсақ, онда тұрғын үйге қатыстылары–50 пайызды, экономика–33 пайыз және әлеуметтік мәселелерді қамтитыны–17 пайыз. Әрине, осы салаларға қатысты әкім орынбасарлары өздері қамтитын мәселелермен айналысуды сол мезетте-ақ өз бақылауларына алған болатын. Әрине, солардың кейбіріне тоқталар болсақ, қала әкімінің тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бойынша орынбасары Алтынбек Есмұрзаев алты мәселенің шешімін табуына жауапты. Оның біріншісі Б.Найзабековтың ескі қала мен оң жағалауға қатынайтын №3 және №15 автобус маршруттары жуырда пайдалануға берген

тұрғын үйлерге қарай жақындату, яғни ұзарту мәселесі болатын. Есепті кездесу барысында қала әкімі 8 наурызға дейін мәселенің оң шешілетінін айтқан еді, дегенмен, қала билігі бұл істі жеделдеткені анық. Бүгінгі таңда №3 автобус маршруты өзгертіліп, 29 қаңтардан бастап ол Тольятти көшесіне дейін баратын болған. Ал №15 автобус алдағы 8 наурыздан бастап жаңа маршрутпен жүретін болады.

Қаламыздағы орталық аурухананың алдында көліктерге кіруге болмайтын жол белгісі қойылған, мұны кездесуде Ю.Дворянкин деген зейнеткер тілге тиек етіп, ауруханаға ауыр халде жеткізілетін науқастардың барын айтқан еді. Мұның да жөні бар екен, ол жол

белгісі алынбайды, керек-ақ, өйткені көптеген көліктер тыйым салынған жерге келіп, көліктерін қойып кетеді, салдарынан өзгелердің келуіне кедергі жасайды. Сондықтан жүріп-тұруы қиын сырқаттарды көлікпен әкелуге рұқсат етіледі, бірақ аурухана алдында көлік тұрағына айналдыруға болмайды. Сондықтан сырқаттарды жеткізетін көліктерге айыппұл салынбайды, ал егер сонда көліктерін қалдыратын жүргізушілер болса, онда оларға кешірім болмайды, заң талабына сай жауапкершілікке тартылады, яғни ондайларға айыппұл салынады. Мұнан кейінгі мәселе Теміртау көшесіндегі №16 мектеп директоры Л.Маркинаның жаяу жүргіншілер жолын салу мен жарықтандыру мәселесі. Түсіндіре кету үшін айтарымыз, бұл көшемен, тура мектеп алдынан үлкен диаметрлі құбырлар өтеді, сондықтан мектепке келетін оқушылар мен олардың ата-аналары, тіпті мұғалімдердің өзі сол құбырлардың астынан еңкейіп өтуге мәжбүр. Қазіргі таңда айтылған мәселеге қатысты сметалық құжаттар жасалып, жаяу жүргіншілер жолын салуға 3,9 млн. теңге қажеттігі есептелген. Бұл есеп-қисап алдағы мәслихат сессиясына ұсынылып, сонда

селесі шешілуде. Осы іс реттелісімен, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімі қалалық мәслихаттың кезекті сессиясына бюджеттік тапсырыс беретін болады. Ал зиратқа апаратын жолды күтіп ұстауға халық қалаулылары қаншалықты қаржы бөлетіні содан соң белгілі болмақ.

Мұнан кейін Мичурин көшесі, 23 үй үй комитетінің төрайымы Е.Комарова «Бізге қоқыс салатын жаңа контейнер орнатуға бола ма?» деген сұрағына «жаңа контейнер алаңы үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне дейін орнатылады» деген қысқа да нұсқа жауап қайтарылған. Тельман көшесін жарықтандыру мәселесі бойынша жобалық-сметалық құжаттар жасалуда екен, бюджеттік тапсырыс «Шағын қалаларды дамыту 2012-2020» бағдарламасына енгізілетін болады. Ал осы көшені ауыз сумен қамту проблемасы бойынша 2013 жылы жобалық-сметалық құжаттар жасалған, бұл істер «Ақ бұлақ-2011-2020» мемлекеттік бағдарламасына орай 2016-2017 жылдары қолға алынады деп жоспарлануда.

Экономикалық салаға қатысты мәселелерге келетін болсақ, жер учаскесін сатып алу мен «Мир»



Жолдауды қолдау

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» – Елбасы биыл халыққа арнаған Жолдаудың атынан көрініп тұрғандай, Қазақстанның болашағы нұрлы, өйткені ол белгілі бір экономикалық заңдылықтармен тұрақты түрде алға өрлеуде. Сан сала бойынша жасалған мемлекеттік бағдарламалар елдің әлеуетін де, әлеуметтің әл-ауқатын да арттыруға негіз қалауда. Қалалық тарихи-өлкетану мұражайы қалалық әкімдіктің Ішкі саясат бөлімімен бірігіп, жаңа экономикалық бағытты қолдау мақсатында арнайы іс-шара дайындап өткізді.

– Біздің басты мақсатымыз мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау және біздің Теміртау қаласында олардың қалай жүзеге асып жатқанын нақты жәдігерлермен дәлелдеп, көрермендерге таныстыру, – дейді мұражайдың аға ғылыми қызметкері Т.Хмелева.

Кең де жарық залға металлургтер шарының соңғы он жылдағы дамуына шолу жасаған карталар, стендтер, мәліметтер ілінген. Соңғы жылдары қалада шағын және орта бизнес қарқын алды, жыл сайын оның қатары да, жұмыспен қамтылушылар да өсуде. Қазір қалада жеті мыңнан аса

Шаһардың даму жолдары

кәсіпкерлік нысан тіркелген. Бұл аймақтағы ең озық көрсеткіштердің бірі. Шағын және орта бизнеске ел үкіметі қалай қолдау көрсетсе, қала әкімдігі де қалыс қалып отырған жоқ. Жыл сайын әкімнің «Дара тұлға» құрметті алтын белгісі жылдың үздік кәсіпкерлеріне табыс етілуде. Бір айта кетерлігі, тек кәсіпкерлер емес, әлеуметтік саланың үздіктері де, оның ішінде мұғалімдер, дәрігерлер әкім тарапынан осындай ерекше сый-сияпатқа ие болып жүр. Адам өзінің еңбегінің жемісін көрген жерде дамудың да айшықты келбетке ие болатыны біздің Теміртау қаласынның мысалдарынан байқалады.

2011-2014 жылдары «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына саланың қырықтан аса кәсіпорындары қатысты, олардың бәрі бұрынғы ескі соқпақпен сауданы ғана сағаламай, жаңа қазақстандық

өнімдерге иек артуда. Мұны аймақтық үйлестіру кеңесінің 22125 млн. теңгелік жаңа жобаларды қолдауынан білуге болады. Қолдауға тұрарлық жобалар, өйткені жаңадан 1440 жұмыс орнын құрып, 2272 орынды сақтап қалуға жол ашылады. Мұражайға келушілер қалада бизнестің қандай деңгейде екенін олар шығаратын өнімдер көрмесінен де анық көре алады. Өйткені біздің қала кәсіпкерлері шығаратын түрлі өнімдер қазір тек облыс, республика деңгейінде ғана емес, шет елдерде де үлкен сұранысқа ие. Ал қала әкімшілігі, кәсіпкерлік бөлімі және аймақтық үйлестіру кеңесі теміртаулық бизнес өкілдерін үнемі қолдап, олардың несиелерін субсидиялауға және басқа да басымдықтар беруге көңіл бөліп, қолдап отырады.

Өз тілшімізден



Ешкім де ұмытылмайды

Самарқандық жауынгерлер! Сендерді мәңгі есте сақтаймыз!



ЗЮБИН
Николай Семенович

Аға сержант. 1923 жылы Сталинград облысында туған.

Самарқанд поселкесіндегі ҚарГРЭС-1-де мехшеберханада жұмысшы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылдың 22 мамырында Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған. Үшінші Украина майданында соғысқан. Бұл майдан әскерлері Одесса қаласын жаудан азат еткен, соғысты жалғастыра отырып Днестрге дейін жеткен. Осы кескілескен ұрыста ол ауыр жараланып, 1944 жылдың 17 сәуірінде жарақатынан госпитальда қайтыс болған. Одесса қаласындағы Лермонтов курортының аумағында жерленген.



ЗЮБИН
Петр Иванович

Аға сержант, 10-шы танк бригадасы пулеметшілер батареясының мотоатқыштар пулеметшісі.

1923 жылы Сталинград облысында туған. Әскери саудада ағаш ұстасы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған. Сталинградты қорғаған. 1942 жылы 7 қыркүйектегі шайқаста қаза тапқан. Сталинград облысының Дубов ауданының Ерзовка селосының оңтүстік-батысына екі шақырым жердегі бауырластар зиратына жерленген.




ИВАШОВ
Прокофий Панфилович

Қатардағы жауынгер. 1923 жылы Саратов облысының Красноярск ауданында туған.

Самарқанд поселкесіндегі «Заря» артелиінде пима жасаушы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған. Сталинград түбінде шайқасқан. 1943 жылдың наурызында хабар-ошарсыз кеткен.



Тоқсанға толуымен құттықтады

белсенділік көрсеткен жандар. Біз олардың өмір-тарихын, соғыстағы көрсеткен ерліктерін біліп сұрастырып жастармен кездесулерге шақырып, кейінгі ұрпаққа үнемі үлгі етеміз. Ешқайсысының туған күндері ескерусіз қалмайды, — дейді Б.Ордабаев.

Иә, айтса айтқандай жуырда мұндағы қоғамдық ұйымдар соғыс ардагері Яков Александрович Исаевтің 90 жасқа келуін құттықтап салтанатты жағдайда барлық қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып қызықтап өткізді. Ол кісі шынында да асқан ерлік көрсеткен батыр жан. Кеудесінде Отан соғысы орденімен



Қаламыздың 8 шағын ауданы ондаған көп қабатты үйлерден, бірнеше мектеп, бала бакшадан, басқа да қызмет көрсету орындарынан тұратын үлкен тұрғын мекен. Солардың арасында ҰОС-на қатысқан 4 ардагер бар, 68 адам тыл еңбеккері мәртебесіне ие. Мұндағы ардагерлер ұйымы барлық соғыс және еңбек ардагерлерінің басын қосып, олардың күнделікті тұрмыс тіршілігін біліп, керек кезінде мәдени көпшілік шаралар ұйымдастырып үлкен қоғамдық белсенділік көрсетіп келеді. Ардагерлер ұйымына металлург, ұстаз Бірлікбай Ордабаев жетекшілік етуде.

— Біздің 8 шағын аудандағы соғыс ардагерлерінің бәрі де кешегі қан майдан жылдары жапон милитаристеріне қарсы жүргізілген шайқастарда

қоса Жапонияны жеңгені үшін медалі жарқырайды, бейбіт еңбекте де толымды табыстарын айғақтайтын марапаттары аз емес.

— Қымбатты Яков Александрович, сізді 90-ның торқалы тойымен құттықтаймыз, сіз тек салауатты өмір салтын сақтап ұзақ жасаған адам ретінде ғана емес соғыстың, бейбіт еңбектің батыры ретінде өзіңіздің балаларыңызға, басқа кейінгі ұрпаққа үлгі өнегесіз біз сізді мақтан тұтамыз, — деп жазылған ардагерлер кеңесінің құттықтау хатында.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды, әрбір ардагер осындай құрметке қошамен пен марапатқа лайық, өйткені олар бүгінгі бейбіт заманды өздерінің қанымен, терімен қамтамасыз етті.

Өз тілшімізден

Ұялы телефонда - SOS нүктесі



Өткен бейсенбі күні қаладағы соғыс ардагерлері пәтерлерінің бөріне 10 бригадadan тұратын қонақтар барып арнайы ұялы телефон аппараттарын табыс етті. ҰОС-ғы Жеңістің 70 жылдығына арнайы шығарылған бұл телефондар жан-жақты жұмыс істейді, онымен тек сөйлесіп қана қоймай SOS нүктесін басу арқылы қажетті қызметтерді қолма-қол шақырып алуға болады. Бұл енді қысылтаяң сәтте ешкімнің көмегінсіз-ақ өз бетінше шақыру мүмкіндігін береді.

— Біздің қалада қазір 50 ардагер бар, соның 14-і ғана өз аяғымен жүре алады. Көбі қарттық жеңген төсекте жатқан жандар. Күндіз бала-шағасы жұмыста болғанда ауыра қалса немесе басқа көмек керек болса осы телефондағы бір

нүктені ғана басу арқылы орталық операторға хабар береді, — дейді қалалық ардагерлер кеңесінің басшысы Н.Вахитова.


Қала жанындағы Ақтау кентінде 3 соғыс ардагері тұрып жатыр. Олар Василий Бедаев, Павел Горшков, Петр Оськин, үшеуі де сонау бір жылдардағы сұралып соғысқа бастан-аяқ қатысып кейін бейбіт еңбекке белсене қатысып елге еңбегі сіңген жандар.

— Ішіндегі ең жасы П.Оськин 88-де, ал басқа екеуі бірі — 90, бірі 91-ге келген қариялар. Біздің байланыс телефон аларғанымызға қатты қуанып осындай қамқорлығы үшін Елбасына шынайы алғысын білдірді, — дейді өзі де зейнеткер болса да қоғамдық жұмыстан бір сәт қалыспай, қарияларға қам-

қорлық жасап жүрген қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Ғ.Ұ.Тұрмағамбетова.

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында елімізде арнайы ақпараттық портал құрылып, ол бірнеше бағытта жұмыс істеуде. Бірінде 1941-45 жылдардағы соғыс жөнінде шежірелік деректер жинақталған. Қазақ сарбаздары қандай жауынгерлік тапсырманы орындады, қалай ерлік көрсетті, бәрі бар, бұл жастардың кешегі тарихты білуіне көп көмегін тигізеді. Сонымен бірге ҰОС-на қатысқан қазақстандықтар жөніндегі деректер де осы порталдан табылады.

Майданға елімізден екі миллионға жуық адам аттанып соның тек 600-і ғана тірі оралды. Міне солардың бәрінің тарихы портал бетінде қамтылған. Қоғамдық ұйымдар, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау министрліктері бірігіп жасаған осы жоба тек білім, ақпараттық қызмет атқарып қоймай «Өмір сызығы» бағдарламасы бойынша Қазақстандағы барлық көзі тірі 5083 ардагерге қызмет етеді. Телефонның сыртқы бетіндегі тетікті баса қалса арнайы құрылған әлеуметтік қызметке хабар түсіп онда тек көмек қажеттігі ғана емес сонымен бірге әлгі адамның ауру-сырқауына дейінгі барлық деректер экранға шығады. Сөйтіп тез көмек көрсететін медицина бригадасы уақыт оздырмай жолға шығады, ал оператор болса әлгі хабарласқан ардагердің туған-туыстарымен байланысқа түсіп жағдайды одан әрі нақтылайды.



Болуы ықтимал сынқатерлерге қалай жауап беру қажеттігін дұрыс таба білу оңай емес. Әрбір мемлекет үшін халықтың әл-ауқатын қалыпты ұстау, экономиканы дамыту маңызды болмақ. Бірақ соған қалай қол жеткізуге болады? Елбасы осы Жолдауда таяу бес жылдың ішінде қандай істер атқарылуы тиіс екенін, қандай салаларды дамытуға баса мән берілетінін жеке-жеке, орындалуын кезең-кезеңге бөліп айтып берді. Бұл жерде енді жаңа бағдарламаларды ойлап табу қажет емес. Халықтық ұғыммен айтқанда, «жаңадан велосипед ойлап шығарудың қажеті жоқ».

Бұрын елдердің дамуы өз арнасында ғасырлар бойы бір қалыппен және баяу ағып жатқан өзендей еді. Ал қазір өзгеріске толы ғалам. Бүгінде барша дүние беймаза күй кешуде. Экономиканың тұрақсыздығы, саяси көзқарастардың сәйкес келмеуі сияқты келеңсіздіктер белең алуда. Қаржы дағдарысы бірде Америка құрлығын, енді бірде Еуропаны теңселтіп жатыр.

«Нұрлы Жол» Жолдауының негізгі бағыты – біздің елдің саяси-экономикалық, әлеуметтік



Депутат дауысы

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауының бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар. 2014 жылғы 11 қарашадағы Жолдау креативтілігімен әрі дер кезінде жария етілгенімен ұтымды болып отыр. Мемлекет басшысы әлемдегі оқиғаларды, жаһандық экономикада болатын өзгерістерді алдын ала болжай білетін қабілетке ие екенін тағы да бір дәлелдеді.

Ел экономикасын қажетті арнаға бағыттаған құжат



дәліздерін құру. Бұл көліктік-логистикалық, индустриялық, энергетикалық, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту жолдарында көрініс тапты. Қаржы дағдарысына және басқа да проблемаларға қарамастан, біз Президенттің жүргізіп отырған саясатының арқасында әлеуметтік салаға бағытталған қаржы көлемін сақтап қалдық. Біздің жылдар бойы жинаған резервіміз бар. Жаңа Жолдауда Ұлттық қордан қандай салаға қанша қаржы бағытталатыны нақты атап көрсетілді. Бүгінгі таңда мұнай бағасы төмен түсіп тұрса да, Елбасы халықты жарқын болашаққа сендіріп отыр.

Жолдауға назар аударсақ, әлеуметтік саланы және тұрғын үй кешенін дамыту, экономиканың

барлық саласы бойынша қандай істер атқарылатыны нақты айқындалғанын анық көреміз. Елбасы Қазақстанның экономикалық әлеуетін қажетті негізгі бір арнаға бағыттап отыр. Осы жерде атай кететін бір жайт – 2015 жылдан жаңа республикалық бюджет жоспары іске асырыла бастады. Үкімет пен Парламенттің шұғыл жұмыс істеуінің арқасында Мемлекет басшысының жаңа Жолдаудағы берген тапсырмалары үш жылдық бюджет туралы заңда толықтай көрініс тапты. Сөйтіп, «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын 19 қараша күні Мәжіліс мақұлдады. Ал 25 қарашада Парламент Сенаты қабылдады. 28 қараша күні Мемлекет басшысы «2015-2017 жылдарға арналған республикалық

бюджет туралы» Заңға қол қойды. Бюджет кодексіне сәйкес қалыптастырылған бұл заңда 2015-2019 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджет параметрлері толық ескерілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің әлеуметтік салаға бағытталған қаражаты еселене түсті. Білім беру мен ғылым саласының шығыстары ұлғайтылды. Денсаулық сақтау жүйесіндегі шығыстар да бірнеше есеге артып отыр. 2015-2017 жылдары Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңін іске асыруға 232,9 млрд. теңге қарастырылды.

Әрине, бұрынғы кездегідей кең көсілетін заман емес. Әскери тілмен айтқанда, «Белбеуді барын-

ша тарылтып тағу керек». Басқаша болуы мүмкін емес. Ең бастысы, бюджеттік бағдарламалар тиімді іске асырылуы тиіс. Елбасы мемлекет қаражатының бір тиынына дейін қайда жұмсалғаны есепке алынатынын айтты. Үкіметке осы қаржылардың тиімді әрі оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді. Барлық әкімдерге айрықша жауапкершілік жүктеліп отыр. Ал «Нұр Отан» партиясы барлық деңгейлерде қатаң партиялық бақылау орнатуы тиіс екенін ескертті.

2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет жоспары тиімді пайдалану жүйесінің негізін қалайды және Үкімет пен Парламент жұмысына сынақ болады. Бюджет жоспары орындалуы барысында қаржы тапшылығы орын алуы ықтимал. Бірақ одан қорқудың қажеті жоқ. Кездескен қиындықты жүріп келе жатып еңсеру қажет. Белгіленген бағытта өмір сүріп, алға жүруіміз керек.

Президент Тәуелсіздік күнінде сөйлеген сөзінде «Адам өзінің жауын да, досын да өзі таңдайды, ал көршіні Құдай береді» деген халық нақылын алға тартты. Қазақтардың қашанда көршісіне, қонағына құрметпен қарайтынын жақсы білемін. Қазақ халқының менталитеті осындай. Шетелдік әріптестеріміздің, өзге халықтардың Қазақстан туралы жақсы пікірін естігенде, көкейімізге мақтаншы сезімі ұялайды. Біздің халқымыз өте қонақжай, сондай-ақ, әлемде және көрші елде болып жатқан жағдайларға бірден назар аударады. Елбасының кемеңгер саясаты мен халықтың ізгі ниетінің арқасында мемлекетіміздің болашағы зор болады деп ойлаймын.

Дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсаты алға қойылғаны белгілі. Ал біз оған әлдебір ұрандармен емес, нақты жүйеленген бағдар бойынша жететін боламыз. Мемлекет басшысының «Нұрлы Жол» Жолдауы – нақты істер кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бағдарлама.

Андрей БЕГЕНЕЕВ,
Мәжіліс депутаты,
«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшесі.

Сессия қарсаңында

Жастар – біздің болашағымыз, елдің келешекте қандай деңгейде болатыны, келер ұрпақтың білімділігіне, тәрбиесіне, ұлттық рухы мен отансүйгіштігіне байланысты. Мұны ҚР Президенті Н.Назарбаев әрбір сөзінде, жыл сайынғы Жолдауында қайталап айтудан жалыққан емес. Соған орай жергілікті мәслихаттар, халық қалаулылары әрдайым осы мәселеге мән беріп, жастар ісімен тұрақты түрде айналысып келеді.

Жуырда қалалық әкімдікте жастар мәселесін талқылаған үлкен жиын өтті. Бұл шара Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының күн тәртібінде қаралатын «Қарағанды облысы жастарын патриоттық және рухани адамгершілік тәрбиелеудің жайы және оны күшейту шаралары туралы» мәселеге байланысты жұмысшы тобының мәжілісі болатын. Әкімдіктің үлкен залы жұмысшы жастарға, студенттер мен осы мәселеге қатысы бар



түрлі сала қызметкерлеріне лық толды. Өйткені күн тәртібіне қойылған бұл мәселе ешкімді де бей-жай қалдыра алмайды. Жиынды облыстық мәслихат депутаты, қаланың белгілі кәсіпкері Асқар Сәрсекенов жүргізіп отырды. Алдымен жастармен жұмыс жөніндегі орталық директоры Айнагүл Абдрахманова сөз алып, бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

Қазір қаламызда 14-29 жас аралығында 43 665 адам бар, бұл жалпы тұрғындардың 24,1 пайызы. Соның ішінде төрт мыңға жуығы оқушылар, мың жарымы студенттер десек, қалғаны қала экономикасының түрлі саласында

еңбек ететін жастар. Құрылғанына жылдан асқан бұл орталық жастар саясатын жүргізуде біршама белсенділік көрсетіп келеді. Еңбек отрядтарын ұйымдастру, бос орындар жәрмеңкесін өткізу сияқты істерді қолға алып, жұмыссыздықты болдырмауға үлес қосуда. Жалпы, жастармен жұмыс істейтін орталық құрылғалы бұл саладағы мәдени-көпшілік шаралар да біршама жанданды. Өткен жылы қалада тұңғыш рет «Жасыл ел» бағдарламасымен арнайы айналысатын құрамында отыз адамы бар бригада құрылып, еңбек етті. Дегенмен жастар арасындағы жұмыс дегенде ірі кәсіпорындардағы, шағын және

орта бизнестегі жастармен жұмыс жүргізетін арнайы құрылымдардың жоқтығын атап айтқан жөн. Бұл мәселе әкімдік тарапынан да айтылып жүргенімен, өлің де болса жұмысшы жастардың басын біріктіретін комитеттер, бірлестіктер ұйымдастырылған жоқ.

Қалалық Ішкі саясат бөлімінің басшысы Т.Куриная өз сөзінде 36 мемлекеттік емес ұйымның жастар саясатын жүргізіп келе жатқанын және осы бағытта атқарылып келе жатқан іс-шараларды қамтып, баяндады. Ал қалалық білім беру, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Б.Рахимова жасөспірімдерге рухани

адамгершілік тәрбие беруде қолға алынып жатқан инновациялық бағыттарға тоқталып өтті. Мектеп ежелден тек білім ғана емес, тәрбие де ошағы, бұл бағытта қала мектептерінің атап айтарлық жақсы мысалдары баршылық. Мәселен, №15 қазақ мектеп-гимназияда әрбір сабақ жастарға патриоттық тәрбие беретін бір шағын шарамен басталады. Мұндай мысалдарды қаланың барлық мектептерінен келтіруге болады.

Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Юрий Ким өз сөзін «қайырлы күн» деп қазақша бастап, одан әрі еңбекпен қамту мәселесіне тоқталды. Еңбекпен қамту жол картасы бойынша басым бағыт жастар арасындағы әлжуаз топтарға арналған. Былтыр мүмкіндігі шектеулі алпыс жеті жас адам еңбекке орналастырылды. Шағын қалалар бағдарламасы аясында үш жасқа несие берілді. Бос орындар жәрмеңкесі бес рет өтіп, онда негізінен мамандығы бар жастардың тұрақты жұмыс орнын табуына мүмкіндік жасалған.

Жастар саясатын жүзеге асыруға байланысты қол жеткен табыстармен бірге бұл салада әлі де атқарылатын міндеттер көп. Ол түрлі қылмыстың алдын алу, бос уақытты тиімді өткізу, спорт пен дене шынықтыруға барынша кеңінен қамту, патриоттық шараларды көбірек өткізу болып жалғаса береді.

Облыстық мәслихат депутаттары қолға алып отырған бұл мәселе сессияда жан-жақты талқыланады, өйткені патриоттық және рухани-адамгершілік шараларын одан әрі күшейту арқылы жастармен жұмысты жоғарғы деңгейге көтеру уақыт талабы болып табылады.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Интернационалист жауынгерлерге тағзым

Он жылға созылған белгісіз майдан – Ауғанстан соғысынан кеңес әскерлерінің шығарылғанына жиырма алты жыл толғалы отыр. Басқа елдің аумағында болғанына қарамастан бұл қырғын Қазақстан сарбаздарына да оңайға түскен жоқ. Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған қазақстандықтар мындап саналады. Теміртау қаласының өзінен 336 сарбаз осы соғысқа қатысып, оның тоғызы жауынгерлік міндетін өтеу барысында қаза тапты. Қазіргі күні қала мен Ақтау кентінде 200-ден аса ауған соғысының ардагерлері тұрып жатыр.



Жуқырда біздің қаламызға Астана аймақтық әскери құрамасының басқарушысы генерал-майор Сұлтан Камаледдинов келіп, екі ауғандық жауынгермен жүрекжарды кездесу өткізіп, оларға алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырды.

– Біздің бұл екі азаматты таңдауымыз бекер емес, өздерінің Отан алдындағы борышын өтеу кезінде бұлар асқан ерлік көрсетті және ауыр жараланып, мүгедектікке де ұшырады. Бірақ қайсар жандар өздерін жоғалтқан жоқ, олар қазір де белсене еңбек


етіп, сонмымен бірге жастарды ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуде, – деп рухтана сөйледі генерал-майор.

Теміртаулықтар ауғандық интернационалист жауынгер Мейрам Кәрібаевты жақсы біледі, ол Панжер даласындағы Рух деп аталатын елді мекенді қорғап, минаға тап болған кезде небәрі он тоғыз жаста еді. Бірақ Отан үшін отқа түсуге де аянбайтын абзал азамат сол күндерді еске алғанда ерлік жасадым деп айтқан емес.

– Мен тек өзімнің Отаным алдындағы жауынгерлік парызымды өтедім, өйткені бұл соғыста талай боздақтар қыршынынан қиылды. Соғыста біз нағыз ерлер-

дің достығы қандай болатынын жүрекпен сезіндік, сондықтан сол отты жылдардың бізге бергені көп, –деп еске алады ол.

Елбасымыз әр кездесуде, жыл сайынғы Жолдауларында «Жастар өз Отанының патриоты болуы керек» дегенді қайталап айтады. Шынында да қандай бір қиыншылық бола қалса, елді қорғайтын осындай нағыз ержүрек азаматтар. Ондай ардақты жандар Ұлы Отан соғысында да, кешегі Ауған соғысында да өздерін көрсете білді. Олардың батырлы-



Құрмет екі сарбазға арналды

ғы басқаларға мәңгі үлгі-өнеге болып қалуда. Тағы бір теміртаулық азамат ауғандық сарбаз Василий Перминов та нағыз ержүрек адам, ол Ауғанстанда ондаған жауынгерлік тапсырманы абыроймен орындаған. Сол жылдар жайында:

– Кабулдан шыққан бетіміз еді, алдымыздағы машина минаға кезігіп, ондағы қазақстандық жүргізуші досымыз сол жерде қаза тапты. Одан кейін іле-шала біздің көлік жарылды. Бірақ менің жолым болып, толқын бірталай жерге лақтырып тастады. Сөйтіп, ауыр жарақат алсам да, тірі қалдым, – деп еске алған ардагер Отан «алға» деп бұйрық берсе, біз

ешқандай қырғыннан қорықпай, дайын тұрамыз, – деп өзінің әлі де сарбаз ретінде сапта екендігін білдіріп қалды.

Міне, осылайша, екі теміртаулық жауынгермен жүрекжарды кездесу өткізген генерал-майор С.Камаледдинов алда, яғни 15 ақпанда кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні дәстүрлі түрле көптеген салтанатты іс-шаралармен аталып өтілетінін, ол кезде ардагерлерді барша жұрттың құттықтайтынын айтып, ыстық ықыласпен қоштасты.

– Бұл жігіттердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды, біздің еліміз оларды мақтан тұтады, – деді ол кетерінде.



Акция

72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлік туы Ресей орталық мұражайында мәңгі сақтауға қойылған еді. Былтыр Ауған соғысы ардагерлерінің өтініші бойынша оның көшірмесі жасалып, қазақстандықтарға берілген болатын. Қазір ол аса құнды жәдігер ретінде ұлттық ұланның астаналық мұражайында сақтаулы тұр. Бұл тудың тарихы Ұлы отан соғысының алғашқы күндерінен басталады. 29-шы дивизияның жауынгерлері сұрапыл соғыста қоршауда қалса да, өздерінің өмірін қиып, туды сақтап қалған. Кейін ол мұра ретінде Ақмолада жасақталған осы дивизияның екінші құрылымына тапсырылды.

Жеңістің мұрагерлері дивизия туын қабылдады



Қазақстандық дивизия соғыстың барысын өзгерткен Сталинград үшін болған кескілескен шайқаста ерлік көрсетті. Кейін осының негізінде 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы жасақталды. Бұл әскери бөлімше Жеңісті Чехославакия жерінде қарсы алған еді. Осы даңқты тудың астында дивизия жауынгерлерлі үш мың шақырым жол жүріп өтіп, 721 елді мекенді, 13 ірі қаланы фашист басқыншыларынан босатты. Ұлы Отан соғысы жылдарында дивизияның 18 мыңнан аса офицері мен сарбазы түрлі ордендермен, медальдармен марапатталды, соның ішінде 31 адам Кеңес одағының батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Бұл тудың жаңа, жарқын тарихы басталды. Ол қазақстандық гвардиялық гарнизондарға сапарға шықты.

Жауынгерлік тудың бұл сапары 3 ақпан күні Астана қаласындағы ұлттық ұланның 5577 жедел бағыттағы бригадасында басталды. Алғашқы аялдаған жері Қарағанды, бұл да тегін емес, өйткені дивизияның майданға са-

пары дәл осы қалада басталған болатын. Жауынгерлік ту 7 ақпан күні қаламыздағы №5516 әскери бөлімінде салтанатты түрде қабыл алынды. Бұл сәтте оған тек әскери қызметшілер ғана емес, қала мектептерінің кадет сыныптарының оқушылары да қатысты. Өйткені акцияның басты мақсаты жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Бұл әскери бөлімшеде ту тура бір тәулік тұрады, одан кейін Степногорск қаласындағы 3517 әскери бөліміне қарай сапар шегеді. Жалпы бұл құнды жәдігер 92 күн бойы 10 мың шақырым жерді жүріп өтіп, еліміздің 25 қаласында болады. Әр сапарда бұл құнды жәдігер командирлердің бір-біріне қолма-қол тапсыруы арқылы салтанатты түрде беріліп отырады.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ту Астанаға оралады, ал 9 мамыр күні Елордадағы әскери шеруде оны ұлттық ұланның жауынгерлері алып жүретін болады. Ерлік те, ерліктің ерекше белгілері де ұмытылмайды.

Өз тілшімізден

Әскери қызметті растау туралы анықтама

Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

- 1) РМК ХҚКО;
- 2) жергілікті әскери басқару органдары (ЖӘБО);
- 3) www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

ЖӘБО-ға өтініш жасаған кезде: құжаттарды ресімдеу мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні;

Анықтама беру үшін ақпарат пен қажетті мәліметтер болмаған кезде мерзім 30 (отыз) жұмыс күніне дейін ұзартылады. ЖӘБО кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны мерзімді ұзарту туралы хабардар ете отырып, сұрау салынған ақпаратты растау үшін тиісті органдарға сұрау салу жолдайды.

Жақын шетел мемлекеттерінің мұрағаттарынан ақпарат алу қажет болған жағдайда анықтама беру мерзімі 180 (жүз сексен) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Орталыққа өтініш жасаған кезде (өтініштер мен құжаттарды қабылдаған күн қызмет көрсету мерзіміне кірмейді):

- 1) мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер бар болған кезде – 5 (бес) минут;
- 2) ЖӘБО-ға қажетті құжаттар келіп түскен сәттен бастап – 1 (бір) жұмыс күні;

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- ЖӘБО-ға:
- 1) өтініш;
 - 2) жеке куәлік (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- орталыққа:
- 1) өтініш;
 - 2) жеке куәлік (жеке басын сәйкестендіру үшін).

Портал арқылы:

көрсетілетін қызметті алушының не-месе үшінші адамның электрондық құжаты нысанындағы сұрау салу.

Б.Самыратова,
РМК ХҚКО Теміртау қаласындағы
№1 бөлім инспекторы

16 ақпан, дүйсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00 Апта
11.05,21.05 Айтуға оңай
11.45,19.30 Достар
12.15 Ғажайыпстанға саяхат
12.25,00.50 Еңбек түбі - береке
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар
12.45,01.40 Дауа
13.15 Мәлім де беймәлім Қазақстан
13.50 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00 Менің Қазақстаным
17.50 Өзекжарды
18.05 «Шын жүректен»
19.00 «Заң және біз»
20.00 Жеңіске – 70 жыл
21.50 «Қара шаңырақ» Т/с
23.30 Сіз не дейсіз?
00.50 «Көкпар»

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
09.00,10.00 Жеті күн
11.00,15.50 Сәтті сауда
11.30 Мультфильм
13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
13.15 Док. фильм
14.05 «Женский доктор» Т/с
15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
15.15 Худ. фильм
16.25 Мультсериал
17.15 Көзқарас
17.45 Бизнес сыры
18.15 Ду думан
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.20 Кино
23.10 «Жекпе-жек»

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10,01.50 Паутина
15.00 112
15.15 «Судебные историй»
16.10 Худ. Фильм
16.45 Давай поженимся!
18.00 Кеш жарық!
18.00 Жаңалықтар
19.45 Телесериал
21.00 Новости
21.40 Телесериал
23.00 Пусть говорят
23.55 Телесериал

5 КАНАЛ

Профилактика
17.05 «Регион 09»
17.30 Жақсылардан ғибрат
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.40 Вести Россия
21.00 Премьера
21.10 Военная программа
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

Профилактика
17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 2050
19.00 Обсудим
19.35 Ғибрат
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт. kz
21.10 Телесериал
23.10 Кино

17 ақпан, сейсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Қара шаңырақ»
10.55,21.05 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Достар
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 02.45 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы жеңіске – 70 жыл
12.45 Спорт
13.10 «Алаң»
14.00,00.55 Сыр-сұхбат
14.30 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.00 Жарқын бейне
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 Еңбек түбі – береке
18.15 Ас болсын!
19.05 Қылмыс пен жаза
23.30,02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.30 «Шарайна» Т/с

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00 Жаңалықтар
10.15,22.20 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.00 Новости
11.10,11.45 Сәтті сауда
11.40 Подари детям жизнь
11.45,21.30 Телесериал
12.35 Спорт без границ
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,00.30 Худ. Фильм
17.15 Көзқарас
17.45 «Экономкласс»
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
23.00 «Арнайы хабар»

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Ду қол шоколад
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10 Паутина
15.00 112
15.15 Судебные истории
16.10 Худ. Фильм
16.55 Давай поженимся!
18.00 Кеш жарық!
18.00 Жаңалықтар
21.00 Новости
21.45 Телесериал
22.45 Пусть говорят
23.55 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
07.50,14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00,13.00 Новости
08.30 «Наши дети»
13.40,17.45 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.00 «Сау болайық»
16.10 Телесериал
17.00 «Менің шындығым»
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV – ЧАТ
18.35 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.00 «Мелочи жизни»
21.15 «С новым домом!»
22.50 Кино
01.00 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
09.00 Док. фильм
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.10 «Обсудим»
11.40 Ғибрат
12.05 Телесериал
18.30 Дневник памяти
18.50 «Мәңгілік мұра»
19.00 «Эхо»
19.30 Қазақстан – бірліктің бесігі
21.00 Телесериал
23.05 Кино

18 ақпан, сәрсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Қара шаңырақ»
10.55,21.05 Айтуға оңай
11.40,19.30 Достар
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы жеңіске – 70 жыл
12.45,02.30 Поэзия әлемі
13.10 Заң және біз
13.55 «Шарайна» Т/с
14.25 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Келін» Т/с
17.00 Док. фильм
17.45,23.45 «Өзекжарды»
18.10 Қылмыс пен жаза
18.35 Еңбек түбі- береке
18.40 Мың түрлі мамандық
19.10 Журналисттік зерттеу
23.30,02.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
00.55 Ас болсын!

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00,01.30 Жаңалықтар
10.15,22.20 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.10,15.45 Сәтті сауда
11.40 Подари детям жизнь
11.45,21.30 Телесериал
12.35 Спорт әлемі
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,01.00 Худ. Фильм
17.15 Көзқарас
17.45 101 бизнес-истории
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Телесериал
21.55 Футбол

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10 «Паутина»
15.00 112
15.15 Судебные истории
16.10 Худ. Фильм
16.55 Давай поженимся!
19.45 Телесериал
21.00 Новости
21.45 Телесериал
22.45 Пусть говорят
00.00 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
08.00,13.00 Новости
08.30 Бүду верным другом
08.35 Наши дети
08.40 Азбука спорта
13.40 Эколайф
14.00,02.30 Деректі фильм
14.35 Прямой эфир
16.00 «Среда Эргономики»
16.10 Телесериал
17.00 Азия айнасы
17.45 Моя Караганда
19.00 Ваш день
21.00 «С новым домом!»
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
09.00 Док. сериал
09.45 Мультфильм
10.45 Уақыт.kz
11.05 «Эхо»
11.35 Қазақстан - бірліктің бесігі
12.00 Телесериал
12.35 Халық ертегілері
18.30 Арена
19.00 Прямой эфир
19.35 2050
21.00 Телесериал
23.00 Кино

19 ақпан, бейсенбі



07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Қара шаңырақ»
11.00 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Достар
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
12.45 Агробизнес
13.10 Сіз не дейсіз?
13.30 Жан жылуы
14.00 Журналисттік зерттеу
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,00.35 Ұлт мақтанышы
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 Адамзат мойындаған арағайын
18.40 Поэзия әлемі
19.05,01.20 Еңбек түбі - береке
19.10 Индустрияландыру
19.35 Өпке
23.30,02.00 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
00.55 Қылмыс пен жаза
01.25 Жарқын бейне
01.55 Мәлім дей беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.15,22.20 «След» Т/с
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,15.50 Сәтті сауда
11.45 Подари детям жизнь
11.50,21.30 Телесериал
12.40 Экономкласс
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,01.00 Худ. Фильм
17.15 Көзқарас
17.45 Бизнес сыры
18.15 Телесериал
19.00 Жекпе-жек
20.30 Энергия будущего
23.10 Біздің үй

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Ду қол шоколад
12.55,20.00 Телесериал
13.20 Ашығын айтқанда
15.00 112
15.15 Судебные истории
16.10 Худ. Фильм
16.55 Давай поженимся!
18.00 Кеш жарық, Қазақстан!
19.45 Телесериал
21.00 Новости
21.45 Телесериал
22.45 Пусть говорят
00.00 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
13.40,17.45 Азия айнасы
14.10 Мелочи жизни
14.35 Прямой эфир
15.40 Будем здоровы
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
15.35 Телесериал
17.00 Менің шындығым
19.00 Ваш день
21.00 «С новым домом!»
22.40 Худ. Фильм
00.25 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
09.00 Док. фильм
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.05 Прямой эфир
11.40 2050
12.00 Телесериал
12.35 Халық ертегілері
18.30 «ДАТ»
19.00 Шаңырақ
19.35 Я здоров!
21.00 Телесериал
23.05 Кино

16 ақпан - 22 ақпан

20 ақпан, жұма

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 «Таңшолпан»
10.00 «Қара шаңырақ»
10.55 Айтұға оңай
11.40, 19.35 Әпке
12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 03.00 Жаңалықтар
12.45, 22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
12.50 Келбет
13.15 «Көкпар»
14.00 Индустрияландыру
15.05 Әйел бақыты
16.10, 22.55 «Келін» Т/с
17.00 Жан жылуы
17.25 Еңбек түбі – береке
17.50, 02.40 Өзекжарды
18.10 Менің Қазақстаным
18.40 Ғасырлар үні
19.05, 02.15 Иман айнасы
21.50 «Шын жүректен»
23.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
00.55 Кино

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00, 02.30 Жаңалықтар
10.15 «След» Т/с
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 01.30 Новости
11.00, 15.50 Сәтті сауда
11.45 Подари детям жизнь
11.50 Телесериал
12.40 Энергия будущего
13.15 Док. фильм
14.05 Телесериал
15.15 Худ. Фильм
16.15 Ұлт саулығы
17.15 Бармысың, бауырым!
18.15 Телесериал
19.00 Орталық хабар
20.30 Одна судьба
21.30 Худ. фильм
23.10 Кино

ЕУРАЗИЯ

06.00, 19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 «Модный приговор»
12.00 «Ду қол шоколад»
13.05 Жұма уағызы
13.20 Ашығын айтқанда
14.05 Паутина
15.00 112
15.15 Худ. Фильм
16.05 Худ. фильм
16.50 Жди меня
19.45 Телесериал
21.00 Новости
21.45 Поле чудес
22.55 Три аккорда
01.05 Человек и закон

5 КАНАЛ

06.30 «Таңертеңгілік 5-арнада»
06.30, 20.50 Вести-Россия
07.00, 19.35, 21.35 Шарайна
07.35, 08.40 Дәмдес болайық
07.50, 14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00, 13.00, 20.00, 22.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 «Азбука спорта»
13.40 Эколайф
13.50, 02.30 Деректі фильм
14.45 Прямой эфир
16.00 Пятая передача
16.10 Телесериал
17.00 «Жастар»
17.30 «Ғажайып адам»
18.10 Ислам: сауалдар мен жауаптар
18.45 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
20.40 Моя Караганда
21.15 Комната смеха
21.25 Все о налогах
22.50 Док. фильм
23.45 В ритме нашего города
00.15 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 22.00
Жаңалықтар-Новости
07.50, 13.20 Әсем әуен
09.00 Док. сериал
11.05 Шаңырақ
11.40 «ДАТ»
12.00 Телесериал
12.35 Халық ертегілері
18.30 Руханият
19.00 Бумеранг
19.35 Дневник памяти
21.00 Телесериал
23.05 Кино

21 ақпан, сенбі

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 Концерт
08.00 Агробизнес
08.30 «Сенбілік ТАҢ»
10.00 Дауа
10.35 Ас болсын!
11.25 Қазақстан дауысы
13.00 Поэзия әлемі
14.00 Жайдарман
14.15 Ұстаз
16.25 Кино
17.30, 20.30, 00.30, 03.15 Жаңалықтар
17.50 Худ. Фильм
21.00 Ұлттық шоу
22.30 Жайдарман
01.00 Поэзия әлемі
01.30 Бокс

ХАБАР

07.05 Қалжың қоржыны
09.00 Бармысың, бауырым!
09.45 Продвопрос
10.00 Спорт без границ
12.10 Кино
14.00 Орталық хабар
14.50 Жұлдызды дода
16.10 Опера
17.55 Бокс Тур де Хабар
20.00 Бенефис шоу
21.00 Жеті күн
22.00 Кино
00.20 Кино
02.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00, 03.50 Кино
07.30 «Қылмыстық іс №
08.00 Таңғы пошта
08.50, 21.30 Жаңалықтар
09.00, 21.00 Новости
09.10 «Смак»
09.45 Худ. Фильм
11.35 «Фабрика грез»
12.05 Ду қол шоколад
12.55, 02.55 Телесериал
13.35 Караоке такси
15.00 Кто хочет стать миллионером?
16.05 Кино
20.00 «Лучший город»
21.45 Тілші түйіні
22.35 Кешкі кездесу
23.55 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.05 Шарайна
10.50 P.S.
11.00 «Моя Караганда»
11.15 Азия айнасы
11.40 «Нольден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.25 «Тұжырым»
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.00 «Будем здоровы»
14.15 «Кулинарная звезда»
15.00 Специальный корреспондент
16.15 «Субботний вечер»
18.10 Азбука спорта
18.15 «Мелочи жизни»
18.30 «Среда Эргономики»
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.00 Апта репортажы
20.15, 22.15 Кино
23.45 Әуенді Қазақстан
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.05 Кино
11.20 Жайдарман Қарағанды
12.25 Худ. Фильм
14.00 Концерт
15.05 Док. фильм
16.00 Худ. Фильм
17.25 Док. фильм
18.00 Шаңырақ
18.35 Арена
19.00 Апта
20.00 Сто тысяч Я
21.00 Ойталқы
21.35 Дневник памяти
22.00 Телесериал

22 ақпан, жексенбі

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 Концерт
08.30 Мәлім де беймәлім Қазақстан
09.00 Айгөлек
11.20 Ақсауыт
11.55 «Шарайна» Т/с
12.25 Сыр-сұхбат
12.55 Ұлттық шоу
14.15 «Ұстаз»
16.10 «Баламен бетпе-бет»
16.45 Бекжан Әшірбаевтың шығармашылық кеші
19.10 Өзіл әлемі
20.00, 00.00 АПТА.KZ
21.00 Қазақстан дауысы
23.05 «Алаң»
23.55 Көкпар
00.35 Кино
02.15 «Телқоңыр»

ХАБАР

07.00 Қалжың қоржыны
09.00, 10.00 Жеті күн
10.00 Тур де Хабар
10.20 Спорт әлемі
13.00 Телесериал
13.15 Бенефис-шоу
14.25 Үнді фильмі
16.55 «Кеше ғана»
18.20 Концерт
20.00 Ду думан
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
00.00 Кино
01.30 Телесериал

ЕУРАЗИЯ


06.00 Жаңалықтар
06.20 Тілші түйіні
07.05 Телесериал
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Новости
09.10 Здоровье
10.10 «Казлото»
10.50 Идеальный ремонт
11.55, 02.25 Ду қол шоколад
12.45 Телесериал
13.20 Караоке такси
13.50 Кешкі кездесу
15.00 Добрый вечер, Казахстан!
16.05 «Лучший город»
17.10 Телесериал
21.00 Аналитика
23.00 Точь-в-точь

5 КАНАЛ

10.45 Апта репортажы
10.15 «Моя Караганда»
10.30 «Жақсылардан ғибрат»
10.50 «Өмір ережесі»
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 Танцы со звездами
16.30 «Моя планета»
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 «Регион 09»
20.35 Худ. Фильм
22.15 Пятая передача
22.25 Сау болайық!
22.50 Худ. фильм
00.30 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.10 Кино
11.15 Жайдарман Қарағанды
12.30 Худ. Фильм
14.00 Концерт
15.05 Док. фильм
16.00 Кино
17.25 Док. фильм
18.00 Шаңырақ
18.35 Арена
19.00 Апта
20.00 «Сто тысяч Я»
21.00 «Обсудим»
21.35 Дневник памяти
22.05 Телесериал



Ел жаңалығы

Алдын ала мәліметтерге қарағанда, 2014 жылы мұнай мен мұнай конденсатын өндірудің жинақталған көлемі ҚМГ компаниялар тобы бойынша 22 491 мың тонна құрады. Табиғи газ өндіру жыл ішіндегі 6 пайыздық өсіммен 4 736 млн. текше метрге жетті, 2014 жылдың жоспарына қосымша 267млн. текше метр өндірілді.

2014 жылғы алдын-ала өндірістік көрсеткіштер

Мұнай тасымалдау. Күреқұбырлар жүйесімен мұнай тасымалдау көлемі 64 005 мың тонна құрады және жоспармен салыстырғанда 1 пайызға артты. Теңіз бойынша мұнай тасымалдау есепті кезеңде 9 606 мың тонна құрап, өткен жылдың осы уақыттағы көрсеткішімен салыстырғанда 9 пайызға артты. Газ күреқұбырларымен газ тасымалдау 105 432 млн. текше метрге жетті. Оның ішінде, халықаралық транзит 78 661 млн. м³ көлемінде болды, Қазақстанның ішкі рыногын қамтамасыз ету – 15 607млн. м³ және экспорттық тасымалдау – 11 164 млн.м³. Мұнай өңдеу көлемі 2014 жылы жоспардағы 14 889 мың тонна орнына 14 911 мың тонна құрады. Шымкент және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарын қайта құру үшін нақты жұмыстар басталды. Атырау мұнай өңдеу зауытында ароматты көмірсутегі өндірісі бойынша кешенді құрылыс жүргізу жөніндегі жоба белсенді шешілу кезеңінде тұр. Маңғыстау облысында битум шығаратын зауыт жобалық қуатына жетті.


Қазақстандық үлес. «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті үлес есепті кезеңде 72 пайыз (1 045 119 232 мың. теңге) құрады. Оның ішінде, тауарлар үлесі – 67%, жұмыстар – 63%, қызметтер – 85%.

Геологиялық барлау: 2015 жылдың 1 қаңтарына дәлелденген сұйық көмірсутегінің алынатын қоры 815 млн. тоннаны құрады. 2014 жылы Жетісу құрылымындағы Жамбыл учаскесінде 1 барлау ұңғымасы, Өріқтау учаскесінде 1 барлау ұңғымасы бұрғыланды және 2 терең ұңғыманы бұрғылау басталды.

Әлеуметтік жауапкершілік: 2014 жылы ҚМГ жалақыдағы диспропорцияны жою мақсатында еңбекақы төлеудің Біртұтас жүйесі жобасын, жұмысшы мамандықтарының Анықтамалығын және «Мұнай мен газ барлау, өндіру» іскерлік бағытындағы қызметкерлердің Анықтамалығын жасады. ҚМГ компаниялар тобының кәсіпорындарындағы қызметкерлер үшін еңбекақы төлеудің типтік Ережесі жасалды. Аталмыш анықтамалықтар лауазымдық айлықтардың біркелкі кестесі мен схемаларын қалыптастыру үшін негіз болады.

2014 жылы «ҚазМұнайГаз» бас компаниясы 6,77 млрд. теңге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетті.

Өз тілшімізден



Шағын қаланы дамыту бағдарламасы

Өндірісі бір бағыттағы халық саны да көп емес, шағын қалаларды дамыту үкіметтің арнайы бағдарламасымен жүргізілуде. Бұған біздің аймақтағы сегіз қаланың бірі болып Теміртау да енген еді. Алғашқы кезең 2012 жылы басталды, 2013-2020 жылдарға арналған екінші кезең негізінен өндірісті дамытуға және шағын, орта бизнесті өркендетуге бағытталды.

белгіленген. Сонымен қоса биыл ескі қаланың автомобиль жолдарын жаңалау одан әрі жалғасын табады, сөйтіп мұнда 3,78 шақырым жол жөнделіп, оған 243,8 млн. теңге жұмсалады. Қаланың үш автомобиль жолы орташа жөндеуден өтеді, сондай-ақ 262,5 млн. теңге қаражат төрт мектеп пен бір бала бақшаны жөндеуге бөлініп отыр. №22 орта мектепті күрделі жөндеуден өткізіп, онда мектеп

Теміртаудың жарқын беттері

Шағын қалаларды дамытудың кешенді жоспарын жүзеге асыру екі бағыт бойынша жүзеге асуда. Оның біріншісі экономиканы қайта құру және бизнесті барынша халыққа жақындата дамыту болса, екіншісі халықтың санына қарай инженерлік инфрақұрылымды дамыту болып отыр. Экономиканы қайта құрудың бастапқы жобасы бойынша инвестиция тарту үшін екі жоба іріктеліп алынды. Оның бірі былтыр пайдалануға берілген Қарцемент» АҚ өндірісіндегі цементті құрғақ жүйемен шығаратын №5 технологиялық жүйе, құны 12,3 млрд. теңге, жобалық қуаты 1,5 млн. тонна цемент шығару деп есептелген бұл ірі өндіріс үстіміздегі жылы толық қуатында жұмыс істей бастайды. Екінші жоба 140 тұрақты жұмыс орны бар, алғашқы кезеңі бұрнағы жылы пайдалануға берілген, биыл толық аяқталуға тиіс «Казэнергомаш» ЖШС. Бұл бағдарлама елімізді индустрияландыру картасына енгізілетін болады. Қазір бұрынғы жұмыс істеп тұрған өндірістік кешенді ұлғайтып, жеті мың шаршы метрге дейін жеткізу және жиырма жабдық сатып алу жұмысы басталды.

Шағын қалаларды дамытудың кешенді жоспарын нақтылау кезінде тағы да қосымша екі жоба қосылды, олар қаптама кірпіш шығаратын «Теміртау кірпіші» ЖШС және 46 жұмыс орны бар, құны 300 млн. теңгелік газоблок өндірісі. Бұлардың сыртында ұлттық компаниялар қосымша және қымбат етуші өндірістерді орналастыратын шағын өңдеу және өндірістік жабдықтармен қамтылған төрт кәсіпорын. Қала ұстаушы «Арселор-Миттал Теміртау» кәсіпорны жанынан қосымша және жаңадан қызмет етуші төрт кәсіпорынның толық іске қосылуы таяудағы үш жылда аяқталатын болады. Олар көмірді байытатын, өндіріс қалдығынан өнім алатын және болат өнімдерін қақтайтын қаптамалар шығаратын шағын кәсіпорындар.

Шағын қала бағдарламасының тағы бір пайдасы жергілікті кәсіпкерлерге көмек болып отыр. 2013 жылы біздің қаламызда кәсіпкерлерді қолдау орталығы құрылған еді, соның нәтижесінде жыл сайын мемлекеттің қолдауы аясында гранттар бөлу жүзеге асуда. 2013-2014 жылдары 135 орны бар он төрт жаңа өндіріс ашылды. Үстіміздегі жылы осы мақсатқа тағы да 17 млн. теңге бөлініп отыр. Ол өндірістердің бірқатарын қазірдің өзінде ел игілігіне пайдалануда. Мәселен, экологиялық таза тоқымалы емес материалдан шығарылған қалталар бет-дене күтіміне арналған табиғи косметикалық өнімдер, қазік тілін оқытатын білім беру орталығы, қырғауыл өсіретін шаруашылық, су қоймасы жанында жағажайды реттеу. Міне, бұл жұмыстардың бәрі де



мемлекет тарапынан шағын қалаға бөлінген қаражат есебінен орындалды. Өткен жылы балық өсіру, ағаштан есік-терезе жасау, шағын аңдар бағын ашу сияқты халыққа қажетті қызметтер түрін игерген мекемелер ашылып, олар 46 жұмыс орнын құрды.

Несие алып, түрлі өндірістер, қызмет көрсету орындарын ашып жатқан кәсіпкерлердің банктегі пайыздық мөлшерлерін субсидиялауға 100 млн. теңге трансферт бөлінді. Аймақтық үйлестіру кеңесі қолдаған мұндай отыз жобаның жүзеге асырылуы 500-ге жуық жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Қазір қала бойынша отыз жоба қолдау тапты. Олардың арасында жолаушы тасымалдауды жақсартатын, қызмет көрсету орындарын көбейтетін шаралар, жаңа медициналық орталықтар тағы бірнеше айтарлықтай мекемелер бар. Үстіміздегі жылы да бұл үрдіс жалғасады, биыл банк несиелерін субсидиялауға республикалық бюджеттен 47,5 млн. теңге трансферт бөлінеді. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы алты пайыздық мөлшерлемемен 54 айға несиелер беру қолға алынды. Осы қор бойынша он бес жоба қабылданды. Жалпы үстіміздегі жылы бюджеттен 52,1 млн. теңге несиелер беру жоспарланып отыр.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, халықтың санына қарай қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамыту да осы шағын қала бағдарламасы аясында оның төртінші бағыты болып қарастырылған. 2012 жылы республикалық бюджеттен бөлінген 707,2 млн. теңге қаланың көшелерін абаттандыруға, көгалдандыруға, белгіленбеген жерлердегі қоқыстарды тазартуға




және көшелерді жарықтандыруға жұмсалды. Ал 2013 жылы 1515 млн. теңге трансферт негізінен халықтың игілігіне арналған жұмыстарға бағытталды. Сарапалай айтатын болсақ, сегіз білім беру, екі денсаулық сақтау орны, екі басты көше жолы, ауыз су жүйелері күрделі жөндеуден өтіп, көгалдандыру, жылуды жақсартатын насос станциясын салу сияқты жұмыстар атқарылды. Ал былтыр республикалық бюджеттен 1536,3 млн. теңге бөлінген, оның 1022,4 млн. теңгесі қала ішіндегі үш автомобиль жолын жаңалауға жұмсалды. Мұның сыртында 513,9 млн. теңге білім беру саласы бой-

ынша 8, денсаулық сақтаудан 2 нысанды күрделі жөндеуге және көше шамдарын қалпына келтіруге жұмсалды. Әрине, жобалардың кейбіріне қаражат жетіспегендіктен әлі де аяқталмағандары баршылық, соның салдарынан тоғыз инвестициялық жоба орындалмай, екеуі тек ішінара жүзеге асты. Биыл таяудағы үш жылға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасы нақтыланып, орындалмай қалған жобалар да кіргізілді. Оның ішінде 7 шағын аудандағы, «Отрадное» елді мекеніндегі және қаланың басқа да аумақтарындағы ішкі орамдық жолдарды инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту

тұрғын болса, қазір 184082 адам бар. Теміртаулықтардың орташа айлық жалақысы бір жыл ішінде 13,5 пайыз өскен, мәселен, 2013 жылы орташа жалақы 98937 теңге болса, биыл 106 389 теңгені құрады. Тұрғындар санының өсуіне қарамастан жұмыссыздық деңгейі соңғы үш жыл бойы 3,8 пайыз деңгейінде тұрақтанған. Міне, шағын қала бағдарламасының Теміртаудың жарқын тарихына қосып отырған үлесі осындай.

Бақыт ҚОНАҚАЕВА,
қалалық экономика және қаржы бөлімінің бастығы



(Ауған соғысының ардагері Қ.Әбдіқұловқа)

*Соғыс салған жазылмайды жарамыз,
Ерлік жайлы айтылмаған бар аңыз.
Бөтен елде қанға бөккен боздаққа,
Берілді ме біздің әділ бағамыз?*

*Алыстағы жат топырақ Кандағар,
Атауыңда үрей, үміт, мұң да бар.
Бір тағдырды жалғыз сөзге сыйдырған,
Жетті сенен әр күн сайын сан хабар.*

*Ауғанстан қаласы бар Бағрам,
Мұнда болды қырғын соғыс, тағы ылаң.
Өтеймін деп азаматтық борышын,
Жараланып, қанын төкті сан ұлан.*

*Деп жүргенде: «қайтуға елге қалды аз күн»,
Қиды өмірін қыршынынан сарбаздың.
Мыңға жуық бозбалалар оққа ұшты,
Қабырғаңды қарс айырар сан ба аз бұл?*

*Аптап ыстық, күн теседі төбеден,
Кермек тамшы сауғалайды денеден.
Он сегізде опат болды боздақтар,
Олар жайлы жазылмаған көп өлең.*

*Соның бірі Жуалының жайсаңы,
Қаймықпайтын сарбаздардың қайсары.
Ерен ерлік көрсетіп ол үлгісін,
Таңқалдырды қимылымен баршаны.*

*Оқ бораиды, бейне жаңбыр тәрізді,
Талай боздақ оққа ұшты жаны ізгі.
Өтеп жүрген азаматтық борышын,
Сарбаз үшін Отан қорғау маңызды.*

*Оқ бораиды, айнала тау бөктері,
Жауынгер ол ең алдыңғы шептегі.
Жараланған құтқармақ боп жолдасын,
Алға қарай сақтықпенен беттеді.*

*Сын сағатта басын тігіп қатерге,
Қарап тұрмай, абдырамай бекерге.
Қансыраған сарбаздарды құтқарды,
Қалдырмады жсау қолында, жат елде.*

*Нысананы қырағы боп күзетті,
Табанынан ыстық, суық, сыз өтті.
Қиян-кескі тағы ұрыс басталды,
Кенет оның бір аяғы дыз етті.*

*Зулаган оқ тоқтамайды жсау жақтан,
Душпан дәлдеп атып жатыр аулақтан.
Автоматын тоқтатпады, жатса да,
Сүйектері парша-парша, заулап қан.*

*Үн шығармай тұрсадағы қансырап,
Атысты ол жарақатқа жан шыдап.
Көз алдында соғыс, атыс-шабыстар,
Санасында жсауабы жоқ сан сұрақ.*

*Душпан да әккі, оңайлықпен берілмес,
Қаймықпайды өзі туған жерінде еш.
Қасық қаны қалғанынша олар да,
Күндіз-түні атқылауға ерінбес.*

*Сәлден кейін атыс біраз басылды,
Жердің жүзін қараңғылық жасырды.
Жараланған сарбаздарды ұшақпен,
Ташкенттегі госпитальға асырды.*

*Алғашында хәлі өте нашар-ды,
Бір жсыл жатты, алты ота жасалды,
Содан кейін ғана сүйеп балдағын,
Ол аяғын ептеп сәл-сәл баса алды.*

*Ата-ананың сол кездегі мұңы–айдын,
(Кінәлі кім, кімнен мұны сұраймын?).
Баукең туған топырақта осылай,
Тым биікте азаматтық тұр айбын.*

*Кеудесі оның марапаттан құр емес,
Көксегені атақ-даңқ–бұл емес.
Тек тыныштық болсын дейді мәңгілік,
Көңілінде сол соғыстан жүр елес.*

*Сылтып басып бір аяғын үнемі,
Отан десе түтілдейді жүрегі.
Батыр жайлы жыр жазады ақын қыз,
Бір бақыттан бал-бұл жананып гүл өңі...*

*Ауғандағы соғыстың бұл мысалы,
Еске түссе кеудені өксік қысады.
Талай боздақ мәңгілікке көз жұмып,
Қара жердің толды олармен құшағы.*

*Бейбіт күннің қадірін ел жсі ұққан,
Сол соғыстан кім ұтылып, кім ұтқан?
Он жылдан соң ғана жұртым «уһ» деді,
Бір ауыр жүк түскендей боп иықтан.*

*Содан бері ширек ғасыр зулаган,
Ірге бүтін, айналамыз думан-ән.
Жігіттердің ерен ерлік үлгісі,
Жас ұрпақтың жігерлерін шыңдаған.*

Поэзия



Ерлік даңқы ғасырларға ұласып...

*Уақыт көші кетсе дағы қыр асып,
Бейбіт аспан мөлдіреген тұр ашық.
Ұмытылмақ емес бірақ ешкім де,
Ерлік даңқы ғасырларға ұласып.*

*Ардагерлер, ержүректер, мықтылар,
Өздеріңмен туған елге құт тұнар.
Сын сағатта сыр алдырмай сыналған,
Сендерсіңдер өмір мәнін ұқтырар.*

*Уақыттың табы байқалған,
Ұрлаған жастық-керуенді.
Бәйтерек бопсың жайқалған,
Кеудесі медаль-орденді.*

*Балаушы ем Сені бағыма,
Батырым менің нар тұлға.
Мейірімін құйған жанымма,
Көзіңнің нұры қалтында.*

*Аман боп жаным жүр мейлің,
Бізбенен жұрттың жоқ ісі.
Өзгерді ме екен білмеймін,
Сүйген жүректің соғысы.*

*Жарасқан келбет, келісім,
Жылы ұшырайды бір демде.
Бір орын бар ма мен үшін,
Марапат толған кеудеңде?*

*Батырым менің!
Хал қалай, аман жүрсің бе?
Мені ойлап бекер күрсінбе.
Десем де от боп қадалған,
Жанарың кірпік ілсін бе?!*

*Батырым менің!
Мендегі жағдай қалыпты,
Жанымды басқа жан ұқты.
Өткенді аңсап сонда да,
Көңілім кейде қамықты.*

*Батырым менің!
Сенің де көңлің алаң ба?
Сан ойлар бар-ау санаңда.
Сезімді жеңіп ақылмен,
Жүгіндің бе екен тағы арға.*

*Батырым менің!
Көмескі көктем –ізіміз,
Өтуде қоңыр күзіміз.
Кездесе қалсақ кездейсоқ,
Біздердің жарқын жүзіміз.*

*Батырым менің!
Жылжыған жылға ілесіп,
Жаманмен жүрсің күресіп.
Жанымды бүгін желсітті,
Жуалы жақтан нұр есіп.*

*Батырым менің!
Мәртебең биік, жоғары,
Айтарым саған көп әлі.
Арман боп қалды-ау Алматы,
Жанарым жасқа толады...*

*Батырым менің!
Өтпейді айла шыңға түк,
Жастықты алдық ұрлатып.
Дегенмен жүрміз хат жазып,
Білгенге бұл да бір бақыт.*

*Даңқымен елді бөлеп шуағына,
Баукеңдей батыр ұрпақ туады ма?
Тербеген бесігінде өңшең ерді,
Бір барып қайтсам ба екен Жуалыға?*

*Бір барып қайтсам ба екен шыныменен,
Таныс ем тау тұлғалы ұлыменен.
Сүйсініп, содан болар шабыттанып,
Бойымды отыр бүгін буып өлең.*

*Жуалы – жазиралы жасыл белім,
Ұл-қызың төсіңде өскен асыл, керім.
Жеткізіп ерлік даңқын сан ұрпаққа,
Жұтады құшарлана ғасыр демін.*

*Жуалы – ауаң қандай тынысты ашар,
Болмайды сенде ешбір жұмыс нашар.
Киелі топырағыңда туылады,
Ұл мен қыз ұлағатты ұлы іс жасар.*

*Жуалы – сылдыраған суың балдай,
Жаһанның бар күнәсі жуылғандай.
Риясыз пәк сезімі сел боп ағып,
Өзіңе ғашық етті ұлың нардай.*

*Даңқымен елді бөлеп шуағына,
Баукеңдей батыр ұрпақ туады ма?
Тербеген бесігінде өңшең ерді,
Бір барып қайтсам ба екен Жуалыға?*

*Бұрын мені мазалайтын жсі мұң,
Шештім бүгін көңілімнің түйінін.
Жұрт не десе мейлі, маған бәрібір,
Сол қалтында сенің шыққан биігің.*

*Арасында тау, тас, өңшең шатқалдың,
Жараланып, өлуге де шақ қалдың.
Ауғанстан дейтін мүлдем жат жерде,
Азаматтық міндет мінсіз атқардың.*

*Душпандарың жасасырынып қыстаққа,
Қақпан құрды, талай досың ұшты оққа.
Қанды көйлек сарбаздармен шырқырап,
Шыбын жаның Отан үшін түсті отқа.*

*Жас ұрпаққа болса да аңыз ерлігің,
Сол соғыстан елге аман келді кім?
Жүйке сыздап, жарақатың сыр берді,
Саған менің шумақ жсырым ем бүгін.*

*Кейде жсі көлбеңдейді мұнар мұң,
Мендей сенің жан сырыңды ұғар кім?
Азаматтық келбетіңді таныттың,
Бүгін емес, сол соғыста сыналдың.*

*Жанымма жылу шашқан мынадай күн,
Сені ойлап бұрынғыдай жыламаймын.
Жоқ менің көңілімде саған деген,
Сынадай мін.*

*Күлкілі шығар бәлкім қылықтарым,
Ағалап жанымма өзім жуытпадым.
Соңынан бауыр басып қалдым саған,
Бір ұққаным.*

*Құшағын қарсы алатын жайып кеңге,
Сөйлейтін жігіт едің байыппен де.
Бармаған батылдыққа қадам аттап,
Айып сенде.*

*Қимаумен өзіңе де, мені ешкімге,
Жүргенің ойлап тұрсам елес күнде.
Өмірде бір бақытқа лайықты жан,
Емеспін бе?*

*Таусылмай тіршіліктің күйбеңдері,
Жүрегім жалғыздыққа үйренбеді.
Жігітпен қол ұстасып кете бардым,
Сүйген мені.*

*Ұмыттым десемдағы тіпті мүлде,
Көңілім сені ойласам күпті күнде.
Есімің ораулы тұр жүрегімнің–
Түкпірінде.*

*Қуә ғой Алматының айлы аспаны,
Жазылды ғашықтықтың бай дастаны.
Осындай мендік мұңлы хикаяның,
Жай-жапсары.*

*Таусылмайтұғын тірліктің,
Татымды еттім тұздығын.
Білмеймін қандай сыр бүктің,
Кездеспей жүрміз біз бүгін.*

*Көлбеңдеп әр күн қиялдан,
Түсіме дағы жсі ендің.
Жеткізер емес бұл арман,
Жанымма үйір кілең мұң.*

*Оңаша қалдым тағы да,
Үнсіздіктен де сыр ұғып.
Жолықшы алдан бағыма,
Махаббат –мейрам, жылылық.*

*Айнала тыныш, тым-тырыс,
Қараңды қою мүлгіген.
Кеудемде жатыр бұлқыныс,
Болмысы нәзік бір гүл ем.*

*Дүние шіркін бір кем бе,
Алдымнан шықшы сен бүгін.
Өзіме сыймай жүргенде,
Әлемнің қайтем кеңдігін?!*

*Тірліктен болды безінген күнім,
Жанымның мұңын көзімнен ұғын.
Қанатын қағып сен жаққа жылдам,
Жырларым жетті өзімнен бұрын.*

*Мен қалай жетем, шідерім бекем,
Шешетін оны білегің бөтен.
Жеткізген осы жарқын жылдарға,
Батырым, сенің тілегің бе екен?*


*Мойныңды қырдан қарадың бұрып,
Жыр тұнған менің жанарым құлып.
Дірілдеп денем, байланып тілім,
Егілем үнсіз амалым құрып.*

*Сезімім тұнық, баладай балғын,
Тербетіп толқын жағада қалдым.
Қиялым шексіз болса да еркін,
Жасырам несін, санада бар мұң.*

*Сілкейін бүгін мұңымды қағып,
Білесің сен де бұл күйімді анық.
Сағыныш сезім сазына сіңіп,
Өлең боп кеткем жыр-кием дарып...*

Руза АЛДАШЕВА





Біле жүріңіз

Әрбір қыз-келіншекте інжуден жасалған әшекей бұйым болғаны абзал. Себебі, інжу әйел затын сұлу етіп қана қоймай, талғамының жоғарылығын көрсетеді. Сондықтан болар, дизайнерлер биыл інжуді түрлендіріп көктемгі сәнге ұсынып отыр.



Көбі інжуді ересек әйелдерге арналған бұйым деп есептейді. Алайда, сауатты тағылған інжу кез келген жастағы әйел затын құлпыттып жібереді. Інжуді қалай тағамыз? Аққу мойын арық қыздардың

Көктемгі сән: әшекей бұйымның төресі – інжу

мойнына үлкенді-кішілі інжуді бірнеше қатар етіп таққан өте әдемі көрінеді. Ал толықша келген қыздардың ұзын інжуді басқа моншақтармен бірге таққаны дұрыс.

Тығыз матадан тігілген костюм, көйлекпен ірілерін, материалы жұқа, үлбіреген киімдермен ұсақ түрлерін үйлестіріп киген абзал.

Қалай таңдау керек? Інжудің түрі сан алуан: ақ, көк, жасыл, қара, тіпті жасандысы да бар. Теңізден алынғаны қымбат бағаланады. Айтпақшы, жасанды інжуді жастарға тағуға болады. Негізі, інжудің ақ, қара түрлерін алып қойғаныңыз жөн.

70–80 не 90–110 сантиметрлік түрі тиімді. Бұларды күнделікті де, кешкі шараларға да тағуға болады.

Бұл әшекейді гарнитур (сақина, сырға, алқа не моншақ) түрінде алсаңыз, үшеуін бірдей киіп шықпаңыз. Моншақ тақсаңыз, сырғаны емес, саусағыңызға сақинаны салыңыз.

Әйгілі Коко Шанель әшекей-бұйымдардың ішінен інжуді ерекше жақсы көрген. Себебі, ол кез келген аруды байсалды, байыпты, кербез етіп көрсетеді.

Жалпы көптеген елдерде інжу байлықтың, бақыттың белгісі болып есептеледі.

Күмістің қасиеттері туралы білесіз бе?



Күміс – адам денсаулығына өте пайдалы. Имунитетті нығайтады, микробтардан тазартады, жүректің қызметін жақсартады, қан қысымын төмендетеді, ісіктің жойылуына көмектеседі, сондай-ақ оны тері аурулары бар адам тағып жүруі керек. Сондықтан оны медицинада да қолданады, кейбір құрал-жабдықтардың құрамына күміс қосылған.

Қазақтың ұғымында күміс тазалықтың, адалдықтың белгісі. Тек әшекей бұйымдар ғана емес, тұрмыс заттары, жиһаз, ер-тұрмандар да күміспен күптелген. Қазіргі кезде де әрбір үйде күмістен жасалған бұйымдар бар. Кішкентай сәбиді қырқынан шығарарда дені сау болсын деген ниетпен күміс салынған суға шо-мылдырады.

Осы күміс бұйымдар уақыт өте келе қарайып кетіп жатады. Ол негізгі?

Күміске су, иісмай, тамақ, кір жуғыш құралдар тигенде, кей-

де сөреде жатып-ақ өзінен-өзі күңгірттеніп кетеді.

Қалай тазарту қажет?

1-тәсіл. Зергерлік дүкендерден арнайы күмістерді тазартқыш құралдарды сатып алып қою қажет.

2-тәсіл. 1 стакан суға 1 шай қасық мүсәтір, 1–2 тамшы сұйық сабын және сутегі тотығын тамызыңыз да, әбден араластырып болған соң күмісті соған 15–20 минутқа салып қойыңыз. Ағарғаннан кейін шүберекпен сүртесіз.

3-тәсіл. Егер картоптан пюре жасайтын болсаңыз, дайын болғаннан кейін суын стаканға құйып алып, суығаннан кейін күмісті саласыз.

4-тәсіл. Күміс әшекейге тас араластырып жасалмаған болса, 1 стакан суға 1 шай қасық тұз қосып, ішіне күмісті салып, 10–15 минуттай қайнатасыз.

5-тәсіл. Кәдімгі киізге де үйкелеп, тазартуға болады. Алайда қатты ысқылап, бұйымды бүлдіріп алмаңыз.

6-тәсіл. Жарты стакан суға 2 қасық 10 пайыздық сірке су араластырып, газға қойып, жылытасыз. Осы ерітіндіге 10–15 минуттай ұстайсыз, содан соң күміс алып, күдері не мақтамен сүртесіз.

7-тәсіл. Ең оңайы: кәдімгі тіс пастасымен не ас содасымен ысқылап, кейін сумен шайып жіберсеңіз, жарқырап шыға келеді.



Лимон - көптеген ауруға шипа. Өйткені лимон дәруменге бай. Бас ауырғанда, қантсыз кофеге лимон тамызып ішу керек.

Лимонды тырнақты қатайту үшін пайдалануға болады. Оны тырнаққа жағып, лимон шырыны қосылған ванна қабылдаңыз. Көк шай мен лимонды араластырып, бетке маска дайындауға болады. Ол бетіңіздің шырайын ашады. Лимон қосылған сумен шашыңызды шайсаңыз, ол шашыңызға көлем береді. Лимон қосылған суға аяғыңызды салсаңыз, аяқтың шаршауы басылады. Лимонмен табанды сүртіп тұру керек.

Лимон қабығын тастамаңыз. Оны қайнаған ыстық суға салып қойсаңыз, біраздан соң жап-жақсы иіссу дайын болады. Онымен денені, шашты шаюға болады.

Бетке арналған лифтинг-маскалар

Бетті тазалаудың әртүрлі әдісі бар. Бұл жолы назарларыңызға сан түрлі лифтинг-масканың жасалу жолдарын ұсынамыз.

1. Күріш маскасы. Қоңыр күрішті 2 ас қасық күріш ұны шығатындай етіп майдалаңыз. Оған аз йогурт пен жарты шай қасық бал қосыңыз. Көзіңіздің айналасына жақындатпай бетіңізге бір тегіс етіп жағыңыз. Жарты сағат өткен соң жылы сумен жуып тастаңыз.

2. Лимон маскасы. Жұмыртқаның ағуызын араластыру барысында бір ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Қоспаны бетіңізге жағып, 20 минуттан соң жуып тастаңыз.

3. Бал маскасы. 2 ас қасық сұлы қауызын бір ас қасық бал мен қайнаған шайдан 2 ас қасық қосып араластырыңыз. Қоспаны бетке жағып, 15 минуттан соң жуып тастаңыз.

4. Дәрумен маскасы (қалыпты және құрғақ бетке арналған). Сізге орталашау банан, Е дәруменінің бір капсуласын, ¼ стакан кілегей қажет болады. Ба-



нанды ыдысқа салып езіңіз. Оған кілегей мен дәруменді қосыңыз. Араластырып, көздің айналасына тигізбей мойын мен бетке жағыңыз. 15 минуттан соң жылы сумен мактамен шайып, артынша сүртіп тастаңыз.

5. Глицерин маскасы. 1 шай қасық глицерин, жұмыртқаның ағуызы, ¼ стакан ұн, 1 ас қасық балды араластырыңыз. Масканы мойыныңызға, бетіңізге жағуға болады. Қоспаны 10 минуттан кейін жылы сумен жуыңыз.

6. Тұймедақ маскасы (майлы бетке арналған). Тұймедақтан жасалған шайға 3 ас қасық емге арналған балшықты қосыңыз. Қоспаны бетке жағып, 20 минуттан кейін жуып тастаңыз.

7. Жүзім маскасы. 8 жүзімді қабығынан, сүйегінен тазартыңыз. Оған 1 қасық топырақ (глина) пен жұмыртқаның саруызын қосып араластырыңыз. 17 минуттан кейін жылы сумен тазалап, содан соң салқындау сумен шайыңыз.

да түрлі тағамға қосылады. Оның пайдалылығы соншалық, балалар диетасында қолдануға болады. Дәнектерінен жоғары бағаланатын, емдік қасиеті бар май дайындайды.

Ол – Орталық Американың ең көне көкөнісі. Отанына айналған Мексика мемлекетінде б.з.д. 5 000 жылдықтан бастап өсіріле бастаған. Археолог мамандар оны Перуде жүгері өсірілмей тұрып пайда болғандығын айтады.

Америкалық үндістер асқабақты тамаққа қосып, ал қажетсіз бөлігінен ыдыс жасаған екен.

Жабайы асқабақтарды Вавилон экспедициясы 1926 жылы Солтүстік Африкадан тапқан. «Алғашқы асқабақтар Африкада өсірілген» деген гипотеза осыдан шыққан.

Оны сорпа, пирог, гарнир және десерт жасау үшін тұтынады.

Дүкеннен қабығында дағы жоқ түрін таңдаған дұрыс.

Асқабақты жертерде сақтаған жөн. Ауа температурасы +15°C төмен, +2°C жоғары болуы керек. Ұрығы бір-біріне тимей, күн сәулесі тікелей түспейтін жерде ұзақ сақталады.

* Асқабақ артық салмақтан арылуға көмектеседі. Ол зат алмасуды реттеп, өтті айдайды. Ал, құрамындағы Т дәрумені асқазанның жұмысын майды жылдам қорыту арқылы жеңілдетеді.

* Асқабақтың 100 грамында 25 ккал ғана бар.

* Асқабақтың адам ағзасына тигізер пайдасы күнделікті тұтынатын алмадан да асып түседі. Оның құрамына Т дәруменінен өзге А, В, С, D сынды дәрумендер мен фолий қышқылы бар. Және калий, кальций, магний, фосфор сынды макро, йод, күкірт, фтор, темір сынды микро-элементтер бар. Ішінде ең көп кездесетіні – темір.

* Оның құрамындағы калий қан тамырлар жүйесінің жұмысын жеңілдетіп, жүректің саулығын қамтамасыз етеді.

* Құрамындағы жасуығы ішектің жұмысын жақсартады. Ал, пектин ағзадағы боқат пен уытты тазалайды.

* Құрамындағы Е дәрумені әжімдерді жазып, жасаруға септігін тигізеді. Ал, асқабақ дәні

Ауыздан жағымсыз иіс шығуының себебі неде?

Ауыздан шыққан жағымсыз иіс ағзамызда бір кінәрат бар екенін білдіреді. Бір емес, бірнеше ауру түрін әшкерелейді. Ол қандай аурулар екенін бірге анықтайық. Алдымен ең көп таралған түрлеріне тоқталайық.

* Шірігін жұмыртқа иісі. Әдетте күкіртті сутектен осындай иіс шығады. Яғни жұмыртқаның ақуызы да осы тектес иіс бөліп шығарады. Етке қарағанда шамасы құрамында ақуызы болатын заттарды көп тұтынасыз. Оның мөлшерін азайту арқылы ауыздағы жағымсыз иістен арылуға болады.

* Қышқыл дәмнің иісі. Асқазан жарасының алғашқы сатысы немесе асқазан қышқылдығының артуы болуы мүмкін. Ауру асқынып кетпес үшін уақытында емделу керек.

* Ащы дәмнің иісі. Өтінде кінәраты бар адамдар осы дәмді сезеді. Таңертең тұрғанда айнаға қарасақ, тілімізде сары жабынды пайда болғанын байқаймыз.

* Ацетон иісі. Ұйқы безі ауыратындығының белгісі. Нан, тәтті тағамдардан ойланбастан бас тарту керек.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор Руза АЛДАШЕВА
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, акпараттандыру және акпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және акпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 08
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3. Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым: Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.
Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз: **khurysh_khala_KZ@mail.ru**

АСҚАБАҚ ЖАСАРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ



Бастапқыда тек Орталық Америкада өскен асқабақ енді әлемнің барлық аймағында өсіріледі. Сол секілді Қазақстанда

ағзаны маймен, ақуызбен және минералды тұздармен қамтамасыз етеді.

* Жоғарыдағы тізімді афродизика сынды қасиеті толықтырады. Осы қасиетіне сәйкес, оның иісі ер адамдардың қан айналым жүйесінің жұмысын 40%-ға жақсартады.

* Ал, ер адамдардың ағзасындағы тестостерон деңгейін тамаққа қосылған дөңгіндегі мырыш жақсартады.

(Ғаламтордан алынды)